*Мақсатым – тіл ұстартып,*
*өнер шашпақ...*
АБАЙ.

ISSN 2410-6712

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың наурыз айынан бастап шығады

**2/2019 АҚПАН**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

***Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.***

## МАЗМҰНЫ


**Г.Т. ЖҮСІПОВА.** Мөлтек сыр...........................................................3

***Таным табиғатында***

**О. ЖҰБАЕВА.** Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі жіктеу парадигмасының берілуі ..................................................................................................5

***Ұлы даланың жеті қыры***

**М. ӘБІЛҰЛЫ.** Қашғарлық Махмұт .........................................................................26

***Ұстаз мерейі***

**Семей көп салалы колледжінің ұжымы.** Тұлғасы биік, тағлымы тәмсіл абзал жан...........................34

**Ж.Д.ТӨЛЕУБАЕВА.** Озық ұстаз.........................................................................38

***Мұғалімдерге көмек***

**Қ. Б. АБУОВА.** **ACTION RESEARCH** арқылы іс-әрекетті зерттеу....................41

***Тәжірибелі ұстаз ұсынысы***

**Б. Б. ЕСЕНОВА.** Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану........................................................................................48

**Б. Т. БАЗАРҒАЛИЕВА.** Жаңартылған білім мазмұны жағдайында сабақ сапасын арттыруға бағытталған қадамдар......................................71

**ШАХАМАНОВА Г.С.** Оқу сапасын жақсарту мақсатында сабақты сын тұрғысынан ойлау модулін пайдалану ерекшеліктері .....80

***Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс***

**А. С. БАЙМЫШОВА.** Расул Ғамзатов «Ана тілі» өлеңі ....................................88

**К.М. ТАСМАҒАМБЕТОВА.** “Керқұла атты Кендебай” ертегісі. Кендебайдың ерліктері ............................................99

**А. О. ҚҰРАЛБАЕВА.** М.Шаханов «Нарынқұм зауалы» поэмасы. Әке үкімі ......................................................................107

***Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс***

**Г.Ж. АУЛАБАЕВА.** Қасқыр мен тиін .........................................................................117

**Қ.Ә. ШӘРІП.** Жалғаулық шылаулар.................................................................126

***Кітапхана тынысы***

**Л.С. БУЛТЕКОВА.** Назарбаев оқулары .................................................................138

**А. ЕРМЕКБАЕВА.** Мерекелік марапат кітапханада ..............................................142


# ***Мөлтек сыр***

## *ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!*

*Айта-айта жауыр болған бір мәселені сіздерге тағы да қозғағалы отырмын. Ол – біздің қазақ журналы. Өздеріңіз де білесіздер, мына кемелденіп, көздегенге қолымыз жететін заманда қазақ тілі басылымдарының шеттетіліп келе жатқаны белгілі.*

*Тамырын анау тереңнен, А.Байтұрсынов заманынан, бастау алатын "Қазақ тілі мен әдебиеті" журналының тағдыры қазіргі уақытта сіздермен байланысты. Осы ретте бір кездерде өшіп бара жатқан журналды жарыққа жарқ еткізіп шығарып, денсаулығын, ақтық демін тілге арнаған, журналдың бас редакторы болған З.Шілдебайұлының:*

*...Жоғалтып ала жаздаған,*
*Тілімен елім қауышты.*
*Маңдайға бұрын жазбаған,*
*Көтердік еңсе, дауысты.*

*Иманды ата дәстүрін,*
*Жаңадан ғана қолға алдық.*
*Болуға күш сап тас түйін,*
*Жас ұрпақ жайын толғандық.*

*Айғағы соның – журналың,*
*Ашылған қайта бағыңа.*
*Ашыса егер шын жаның,*
*Жазылғын, сын – бұл арыңа.*

*Мұқият қарап, оқығын,*
*Айырып, асыл жасығын.*
*Көңілге нәрін тоқығын,*
*Айтқын тек сөздің ашығын.*

*Жіберіп ойлы мақала,*
*Журналдың өсір беделін.*
*Қалмасын қапы ата-ана,*
*Үнемі алып керегін.*

*Абырой бермес құр атақ,*
*Еңбегің болсын – сенерің!*
*Нашар боп шықса – ұят-ақ,*
*Жақсы боп шықса – мерейің!*

*– деген жүректі жара шыққан, сіздерге арнаған сырларын жолдай отырып,*

***“Ұстаздар! Қазақ тілінің тағдыры – тікелей сіздердің еңбектеріңізде, мамандықтарыңызға деген адалдықтарыңызда! Жоғалтып алмайық, төл журналдарыңызға жазылуды ұмытпаңыздар!”** – дегім келеді.*

**Журналдың редакторы Г.Т. ЖҮСІПОВА.**



***Таным табиғатында***

**О. ЖҰБАЕВА,**
**А.Байтұрсынұлы атындағы**
**Тіл білімі институты.**
**Грамматика бөлімінің меңгерушісі,**
**филология ғылымының докторы.**
Алматы қаласы

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖІКТЕУ ПАРАДИГМАСЫНЫҢ БЕРІЛУІ

Тарихқа үңіліп, өткенге көз жүгіртер болсақ, XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін игі бастамаларға, үміт артар шараларға толы болғаны көрінеді. Қазақ елі дербестік алып, Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы болып құрылған соң, қазақ халқының рухани дамуына біршама жол ашылды. 1923 жылы 22 қарашада тіл туралы декрет қабылданып, онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік дәрежеге ие болды [1]. Мемлекеттік және қоғамдық орындарда қазақ тілінде де іс қағаздарын жүргізу қолға алына бастады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі артты. Соған байланысты қазақ тілінде оқулықтар шығару; мектептерді қазақ тілінде жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету; қазақ

тілінде сабақ беретін мұғалімдерді дайындау; орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту сияқты шаралар жүзеге асырыла бастады [2, 3]. Қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Қазақ зиялылары ана тілінде оқулықтар жазып, сөздіктер шығарды, аударма ісімен айналысып, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруға күш салды, халықтың сана-сезімін оятып, мәдениетті елдер қатарына қосылу жолында аянбай еңбек етті.

Ел зиялылары ұлт мүддесі жолында бірігіп, қазақ тілін бағдарға ала отырып, бірлесе еңбек етті. Бұл кезең – қазақ қоғамының рухани жағынан серпілген, ұлттық сананың оянған кезеңі болды. Қазақстанды алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосуды көздеген зиялылар қалың бұқара арасында ағартушылық идеясын, ұлттық сананы көтеру идеясын ұстанды. Бұл жолда ұлттық мәдениеттің, әсіресе тілдің алар орны ерекше болатынын терең түсінді. Осыған байланысты ұлт көсемі – Ә.Бөкейханов: *«Қазақтың ұлт болып, өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек»,* – десе, А.Байтұрсынұлы: *«Өзіміздің елімізді сақтау үшін*



*бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз»,* – деп жазды. Ұлттық тілді ұлтты, қоғамды дамытудың, ілгері бастырудың құралы ретінде пайдалана отырып (А.Байтұрсынұлының оқу құралдарының аты да «Тіл – құрал» деп аталды), халықтың санасына әсер етуге тырысты.

А.Байтұрсынұлы оқулықтары негізінен мектеп оқушыларына арналып, 1912-1929-жылдар аралығында бірнеше рет басылып шығып отырғаны белгілі. Ғалымның еңбектері мен кейінгі оқулықтарды өзара салыстыра отырып, көптеген категориялардың А.Байтұрсынұлы еңбектерінде басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын байқаймыз. ***«Оның сыры неде?», «Не себепті тілдік категорияларды сипаттауда елеулі алшақтықтар орын алған?»*** деген сұраққа жауап іздеу барысында ғалымның бүгінгі таңда жаңа бағыт ретінде танылып жүрген когнитивті тіл білімі, функционалды грамматика мәселелерін сол кездің өзінде сөз етіп, терең талдаулар жасағанын байқаймыз.

А.Байтұрсынұлы тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, олардың грамматикада көрініс тапқан ұғымдар

(және концептілер) құралатынын түсінген, «когнитивті лингвистика», «морфологиялық концепт» т.с.с. атауларды қолданбаса да, бұл саланың өзіндік ерекшелігін терең зерделеген. Ғалым зерттеулерінде адам өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. А.Байтұрсынұлы тіл ойды жарыққа шығару құралы болумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отыратынын ескертеді.

Өнер атаулыны екі топқа ***(тірнек өнері, көрнек өнері)*** бөле отырып, ***көрнек өнеріне сәулет (архитектура) өнерін, сымбат (скульптура) өнерін, кескін (живопись) өнерін, әуен (музыка) өнерін және сөз (әдебиет) өнерін жатқызады да*** сөз өнерін бәрінен жоғары қояды: «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – деп жазады [3, 341]. Ғалымның бұл тұжырымдары когнитивті тіл біліміндегі ұстанымдармен толық сәйкес



келеді. Яғни концептуалды мазмұнды тілдің көмегінсіз сипаттау мүмкін емес. Себебі санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алады.

Тілде көрініс таба отырып, білім адамның ойлау қызметінің нәтижесін көрсетеді. Ойлау әрекеті тіл арқылы жүзеге асады, ойымыз тіл арқылы жарыққа шығып, басқаларға жеткізіледі. Сол себепті А.Байтұрсынұлы: *«Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі:* ***1).*** *ақылға,* ***2).*** *қиялға,* ***3).*** *көңілге.* ***Ақыл ісі*** *– аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау,* ***қиял ісі*** *– меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау;* ***көңіл ісі*** *– түю, талғау.* ***Тілдің міндеті – ақылдың*** *аңдауын аңдағанынша,* ***қиялдың*** *меңзеуін меңзегенінше,* ***көңілдің*** *түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын.* ***Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек»,*** – деп жазады [3, 343].

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және

грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы былай дейді: *«Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды я жазса да, қиындықпен жазады. Себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды»* [3, 142].

Сан ғасырлар бойы жинақталған білім қоры салт-дәстүр, дағды біліктер, ойлау ерекшеліктері, дүниетаным белгілі бір этникалық мәдени қауымдастыққа тән сипат алады. Тілдік таңба этнотілдік сананың көрсеткіші болып



табылады, мәндер жүйесі этномәдениет жүйесін айқындайды. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: *«Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің де ой мақсаты бір, бәрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әртүрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды»,* – деп жазады [3, 369].

Когнитивті тұрғыдан алғанда, морфологияның негізгі бірлігі – морфологиялық категория болып табылады, ол сөз тұлғаларында көрініс тауып, парадигмаға бірігеді. Морфологияға идиоэтникалық сипат тән болғандықтан, морфологиялық жүйе тілдің өзіндік ерекшелігін танытады. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің

анайы және сыпайы түрге жіктелуі басқа тілдерге ұқсамайды. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін терең пайымдап, өзіне дейінгі тіл білімпаздарының еңбектерін зерделей отырып, жіктеуді, ең алдымен, анайылық және сыпайылық жөнге жіктейді де оларды іштей жекеше-көпше түрге саралайды. Сонымен қатар ортақ, оңаша тәуелдікті жіктеу іштей тағы да анайы-сыпайы, жекеше-көпше түрге бөлініп, жіктеу үлгісі бірізділікпен, жүйелі түрде баяндалған.

Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальділіктің көрсеткіші бола алады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: *«Сыпайылап сөйлегенде, сөйлеуші өзін мен деудің орнына біз дейді, тыңдаушыға сен деудің орнына сіз дейді, бөгде кісіні ол деудің орнына ол кісі дейді. Сондықтан біз – 1-жақ, сіз – 2-жақ, ол кісі – 3-жақ болады»* [4, 226].

А.Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымдардың тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы және сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. *Анайы түрін іштей* ***I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық)*** түрінде бөліп алған. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде анайы жіктеудің ***(мендік, сендік, бөгделік)*** де, сыпайы жіктеудің де ***(біздік, сіздік, оларлық)*** де ***3 жағын*** көрсетеді. А.Байтұрсынұлы адамға қатысты қолданылатын ***3-жақты ол кісі*** түрінде даралаған. Ғалым жіктік жалғауларының жіктеу есімдіктерінен шыққанын айта келіп, соған сәйкес ***I жақ көрсеткіші -мын/-мін түрінде, II жақ -сын/-сін түрінде*** көрсетеді, кейінгі еңбектерде ***II жақ көрсеткіштері -сың/-сің*** түрінде көрсетілген.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде **анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады.** Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес, **сен есімдігінің көпше түрі сендер болғанмен, мен есімдігінің көпше түрі мендер бола алмайды.** Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, біз, біздер есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Ғалым ***анайылық түр – оңаша тәуелдеу, сыпайылық түр – ортақ тәуелдеу*** болатынын ескертеді. А.Байтұрсынұлы **жіктік жалғаулары I, II жақта өзара ымыраласып, III жақтың көпше түрінде** ымырадан шығып кететінін айтады. Тәуелдеудің **анайы түрі жекеше менің атам болса, көпшесі менің аталарым түрінде болады;** соған сәйкес сыпайы түрі жекеше біздің атамыз болса, көпшесі

біздердің аталарымыз түрінде болады. Осыдан-ақ айқын көрініп тұрғандай, анайы жіктеудің көпше түрі қазақ тілінің заңдылығы бойынша біз, біздер түріне ауысып кете алмайды, ауысқан жағдайда бүкіл жүйе бұзылады.

***Қазақ тіліндегі анайы және сыпайы түрдегі жіктеу үлгісі***

| | | |
|---|---|---|
| ***Анайы жіктеу*** | | |
| ***жекеше:*** | | ***көпше:*** |
| ***I жақ*** | ***мен келдім*** | — |
| ***II жақ*** | ***сен келдің*** | ***сендер келдіңдер*** |
| ***III жақ*** | ***ол келді*** | ***олар келді*** |
| ***Сыпайы жіктеу*** | | |
| ***I жақ*** | ***жекеше:*** | ***көпше:*** |
| ***II жақ*** | ***біз келдік*** | ***біздер келдік*** |
| ***III жақ*** | ***сіз келдіңіз*** | ***сіздер келдіңіздер*** |
| | ***ол кісі келді*** | ***ол кісілер келді*** |

Бұл жерде А.Байтұрсынұлының жіктеу парадигмасын негізге алып отырмыз. Функционалды-семантикалық өрісте сөйлеуші мен тыңдаушы орындары өзара алмасып



отыратындықтан, ***сөйлеуші (І жақ) әрдайым жекеше түрде*** қолданылады. ***Мен*** есімдігінің (І жақ) ерекшелігі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінің материалдары негізінде өте айқын көрінеді. Сөйлеуші (І жақ) әрдайым жекеше түрде қолданылады. ***І жақтың көпше түрі біз-ге*** ауысатын болса, оның құрамы ***мен+мен+...*** + ***мен емес, мен+сен немесе мен, ол*** т.б. түрінде келеді. ***І (сөйлеуші) жақ пен ІІ (тыңдаушы) жақ ерекше референтті*** білдіріп, өзара қарсы қойылады. ***І, ІІ жақтың көпше түрі*** бірдей адамдардың көптігін емес, әртекті референттердің жиынтығын білдіреді. Ендеше, сендер әртекті референттен құралуы мүмкін болғанмен, ***мен (І жақ) әртектілік құрай алмайды.*** Соған сәйкес ***сен есімдігінің көпше түрі сендер болғанмен, мен есімдігінің көпше түрі мендер бола алмайды.*** Бұдан ***І, ІІ жақ «бірегейлік/жиынтық» корреляты бойынша қарсы қойылғанда, олар өзара тең түсе алмайтынын көреміз.*** Яғни сөйлеуші әрдайым біреу ғана болғандықтан, ол көптік тұлғада қолданыла алмайды. Осы жағынан келгенде, ***І жақ (мен) референтінің*** өзіндік ерекшелігі байқалады. Сондықтан қазақ тіліндегі ***І жақ көптік формасы инклюзив/эксклюзив коррелятында қолданыла алмайды.***

Үндіеуропа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде ***I жақ көпше түрі (мы) я+не я түрінде*** жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сәйкес келмейді. Қазақ тілінде ***мен+мен емес мәні мендер тұлғасында емес, біздер тұлғасында*** қолданыс табады. Сонымен қатар орыс тілінде ***вы есімдігі қазақ тіліндегі сендер, сіз, сіздер тұлғаларында бірдей қолданылады.*** Яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі ***анайы көпше (сендер), сыпайы жекеше (сіз) және көпше (сіздер) тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма (вы) қолданылады.*** Қазақ тілін зерттеген орыс тілді ғалымдар көбінесе осы тұста орыс тілінің заңдылықтарына түсіп кетіп отырған. Қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: *«Жасы үлкен адам мен жасы кіші адам сөйлескен кезде мен, сен есімдіктері қолданылмайды. Қазақтар сыпайылық сақтап, тыңдаушысын сыйлап мен, сен есімдіктерінің орнына біз, сіз есімдіктерін қолданады. Қазақ тіліндегі бұл екі сөзді жекеше, сыпайы түрге жатқызу керек»,* – дегенмен [5], қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кеткен. М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптьев т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі жіктеу үлгісі де осы сипатта. Яғни



оларда анайы-сыпайы, жекеше-көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, ***вы есімдігінің*** қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатыны ескерілмеген. Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі ***мы, вы тұлғалары*** қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайтынын көрсетеді. Осыған байланысты қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, ***анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керектігі көрінеді.*** Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады. Орыс тілінде бірегейлік/жинақтылық корреляты бойынша ***я, ты есімдіктері*** бірегейлік қатарында танылса, қазақ тілінде бірегейлік қатарында ***мен, сен (анайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі), біз, сіз (сыпайы жіктеудің I, II жағының жекеше түрі) есімдіктері*** қолданылады. ***Біз, сіз есімдіктері*** – Н.Ильминский дұрыс көрсеткендей, көптік ұғымда емес, жекелік ұғымда қолданылады, яғни сыпайы жіктеудің жекеше түрлері. Сол себепті де ***біз*** құрамына ***мен, сен есімдіктері, сіз*** құрамына ***сен есімдігі*** кіре алмайды. ***Біз, сіз сыпайы жіктеу*** тұлғалары ***мен, сен анайы жіктеу*** тұлғаларымен өзара сәйкес келіп, бірегейлік қатарын құрайды, жиынтық қатарында ***біздер, сіздер есімдігі***

танылады.

Тәуелдік, жіктік жалғауларының сыпайы түрі тек ***ІІ жақпен*** ғана шектелмейтінін тіл дәйектері де көрсетіп отыр. Мәселен, ресми стильде ***мен*** орнына ***біз*** қолданылатын тұстар баршылық. Тіл – тұтас жүйе болғандықтан, оның әрбір мүшесі сол жүйеге бағынып тұрады. Сондықтан анайылық жөннің үш жақта көрінетіні сияқты, сыпайылық жөн де осы үлгімен берілуі қажет деп ойлаймыз.

А.Байтұрсынұлы жіктеуі кейін Қ.Кемеңгерұлының еңбектерінде де сабақтастық тапқан. Қ.Кемеңгерұлы еңбектері орыс топтарына арналғандықтан, қолданған атаулары орысша болғанымен, жіктеу ерекшелігін танытуда А.Байтұрсынұлының еңбектерін басшылыққа алған. ***«Жіктеу» жалғаулары*** дегеннің орнына ***«айқындық» жалғаулары*** деп қолданғанмен, Қ.Басымұлының еңбектері де жіктеулерді анайы-сыпайы түрге бөлуі жағынан А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы еңбектерімен сарындас. Т.Шонановтың «Самоучитель казахского языка для русских» деген еңбегіне пікір жазушы Байменов пен Қасымов та автордың жіктеудің көпше түрі етістік түбіріне ***-ыңыз қосымшасы*** жалғану арқылы жасалады (алыңыз) деген



тұжырымына қарсылық білдіріп, ***алыңыз*** деген сөз сыпайы жіктеудің жекеше түрі болатынын, ал етістігінің анайы, көпше түрі, ***алыңдар*** болуы керектігін айтады [6, 45-б.].

Т.Шонанов тәуелдік жалғауларын түсіндіруде М.Терентьев, П.Мелиоранский, И.Лаптев, Н.Созонтов еңбектерін басшылыққа алады да, көпше түрі ***-ыз/-із қосымшалары*** жалғану арқылы жасалады деп (баламыз, қаламыз) түсіндіреді. Осы үрдіс кейіннен І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев еңбектерінде жалғасын тапқан. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлдары оңаша тәуелдеу мен анайылық жөн, ортақ тәуелдеу мен сыпайылық жөн бірдей айтылады деп түсінсе, І.Кеңесбаев, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінен бастап тәуелдеу оңаша, ортақ түрге сараланғанмен, сыпайылық жөн ІІ жақпен ғана шектеледі. Бұл кейінгі еңбектерде де сабақтастық тауып, мектеп оқулықтарында, «Қазақ тілінің грамматикасында», А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі», С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» т.б. еңбектерде жіктеу мен тәуелдеудің сыпайылық жөні ІІ жаққа байланысты ғана түсіндіріледі.

Қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде

А.Байтұрсынұлы жолымен Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымұлы, Байменов, Қасымов сияқты ғалымдардың жіктеулерді анайы және сыпайы түрге ажыратқанын көреміз. Алайда кейіннен бұл ғалымдар назарынан тыс қалып, сыпайы түрі екінші жаққа ғана қатысты сөз бола бастайды. Ондай еңбектердің қатарына І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, С.Исаев еңбектері мен «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы» т.с.с. жинақтарды жатқызуға болады. Жіктеуді анайы және сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерде ***І жақ анайы*** жіктеудің көпше түрі мен осы жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен. Кейінгі зерттеулер мен оқулықтарда анайы жіктеу мен сыпайы жіктеу деп сараланбай, сыпайылық жөн ***ІІ жаққа қатысты*** ғана сөз болып жүр. Соған байланысты сыпайы жіктеудің ***ІІ жағының*** ерекшеліктері көрсетілгенмен, ***І жағының*** өзгешеліктері ескерусіз қалған. Сол сияқты анайы түрінің ***І жақ көпшесі ретінде сыпайы жіктеудің І*** жағы көрсетіліп жүр.

Анайы жіктеудің ***І жақ көпше түрі (мендер)*** жоқ болғандықтан, А.Байтұрсынұлы



еңбектерінде етістіктердің жіктелу үлгісінде де осы ұстаным сақталған. Оны бұйрық райдың жіктелу үлгісінен де байқауға болады.

***А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі бұйрық райдың жіктелу үлгісі***

| ***Анайы жіктеу*** | | |
|---|---|---|
| | ***жекеше:*** | ***көпше:*** |
| ***І жақ*** | ***-йын/-йін*** | ***-*** |
| ***ІІ жақ*** | ***етістік түбірі*** | ***-ңдар/-ңдер*** |
| ***ІІІ жақ*** | ***-сын*** | ***-сын /-сін*** |
| ***Сыпайы жіктеу*** | | |
| | ***жекеше:*** | ***көпше:*** |
| ***І жақ*** | ***-йық/ -йік*** | ***-лық/-лік*** |
| ***ІІ жақ*** | ***-ңыз/-ңіз*** | ***-ныздар/-ңіздер*** |
| ***ІІІ жақ*** | ***-сын/-сін*** | ***-сын/ -сін*** |

Байқап отырғанымыздай, ***бұйрық райдың анайы, көпше түрінің І жағы жоқ*** (дұрысында да, ***сен айт*** дегеннің көпше түрі ***сендер айтыңдар*** болғанмен, ***мен айтайын*** дегеннің көпше түрі ретінде ***мендер айтайындар*** деген қолданыс тілімізде мүлде жоқ). Қазіргі грамматикаларда ***І жақтың көпше түрі*** ретінде көрсетіліп жүрген ***-йық/ -йік жалғауы*** А.Байтұрсынұлы еңбектерінде ***сыпайы***

***жіктеудің І жақ көпше*** түрі ретінде берілген, ал А.Байтұрсынұлы жіктеулеріндегі сыпайы жіктеудің ***І жақ көпше түрі ретінде берілген -лық/-лік тұлғалары*** кейінгі грамматикаларда мүлде көрсетілмеген. А.Ысқақов, С.Исаев сынды ғалымдар ***жіктік жалғауының көпше түрі кейде -лық/-лік тұлғасында*** қолданылатыны туралы айтып кетеді. Мысалы, А.Ысқақов Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, қазіргі көркем әдебиетте ***-лық/-лік формасы қолданыла беретінін айта келіп:*** *«Бірақ әдеби тіліміздің қазіргі бағытында бұл формадан гөрі -йық/-йік формасы көбірек қолданылып, бірте-бірте негізгі нормаға айналып бара жатқан сияқты»,* – дейді [7, 73]. Екінші сөзбен айтқанда, тілімізде бұрыннан бар, әлі де қолданылып келе жатқан ***-лық/-лік формасы*** грамматикаларда жіктеу парадигмасынан өз орнын таппай келеді. ***Оның себебі*** – анайы-сыпайы жіктеуді қатаң сараламаудың салдарынан және анайы жіктеудің І жақ көпше түрін шатастырудан деп ойлаймыз.

***Тілде үнемдеу құбылысы – үнемі үздіксіз жүріп жататын үрдіс.*** Сондықтан басы артық нәрсе онда көп тұрақтана алмайды. Ал ***-лық/-лік формасының*** жойылып кетпей, әлі де қолданыла



беруі – тілімізде бұрыннан бар тұлға болуына байланысты деп ойлаймыз.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі жіктеу парадигмасының өзіндік ерекшеліктерін былайша көрсетуге болады:

***а).*** *жіктеуді анайы-сыпайы жөнге ажыратқан;*

***ә).*** *анайы жіктеуді І жақ (мендік), ІІ жақ (сендік), ІІІ жақ (бөгделік); сыпайы жіктеуді І жақ (біздік), ІІ жақ (сіздік), ІІІ жақ (оларлық) түрінде жіктейді;*

***б).*** *қазақ тілінде анайы жіктеудің І жақ көпше түрі жоқ екенін көрсетеді;*

***в).*** *тәуелдеулі жіктеу түрлерін, олардың өзіндік ерекшелігін (қиғаш жалғануын) көрсетеді;*

***г).*** *жіктеулерді есімдерге қатысты да, етістіктерге қатысты да қолданады;*

***ғ).*** *етістік жіктеулерінің болымды-болымсыз түрлерін көрсетеді;*

***д).*** *анайы жіктеудің І, ІІ жақтарында сөздер өзара жекеше, көпше ымыраласып, ІІІ жақ көпше түрінде ымырадан шығып кететінін ескертеді.*

А.Байтұрсынұлы жіктеу табиғатын түсіндіруі мен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде сәйкес келмейтін тұстар қазақ тілінде жіктеу ерекшеліктерінің әлі де толық танылып

бітпегенін, талас тудыратын тұстарының кездесетінін танытады. Ұлттық дүниетаным мен сөйлеу мәдениетіміздің айнасы іспетті жіктеу мен тәуелдік жалғауларының өзіндік болмысын әлі де зерделей түсу қажеттігі даусыз.

Қазақ тіл білімінде грамматикалық бірліктерді ұлттың, этностың дүниетанымдық білімдер жүйесімен байланысты қарастыратын ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Бұл мәселенің қазақ тіл білімінде зерттелмеуін күні бүгінге дейінгі грамматика іліміне қатысты зерттеу жұмыстарында тілдің құрылымдық бағытына көп мән беріліп, коммуникативтік-прагматикалық, психолингвистикалық, нейролингвистикалық т.б. антропоөзектік қырларының өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқанымен түсіндіруге болады. Тілді зерттеудің антропоөзекті парадигмасы адам факторына мән беруді қажет ететіндіктен, мұндай зерттеулерде міндетті түрде ұлттың дүниетанымы, ұлттық санасы, ұлттық болмысы көрініс табады. Этнограмматиканың мақсаты да осы тілдің коммуникативтік жүйесіндегі кодқа салынған ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерді тауып, осындай этнограмматикалық бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық мән-мазмұнын ашып көрсету болып табылады. Қазақ тіліндегі



жіктеу парадигмасына арналған шағын талдауымыздың негізінде (бұл – бір қыры ғана) «когнитивті грамматиканың алғашқы нышандары ұлттық тіл білімі қалыптасқан кезден, яғни Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен басталады» деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақатаев С. Тұңғыш декреттің түйткілі // Ана тілі. 10.01.91.
2. Орталық Мемлекеттік мұрағат. - 81-қор. - 1-тізім. - 1314-іс. - 3-б.
3. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
5. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1860. - 172 с.
6. Орталық Мемлекеттік мұрағат. - 81-қор. - 1-тізім. - 1313-іс. - 43-46-б.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 382-б.

**М. ӘБІЛҰЛЫ,**
**филология ғылымарының**
**кандидаты, Тараз**
**инновациялық-гуманитарлық**
**университетінің доценті.**
Тараз қаласы

# ҚАШҚАРЛЫҚ МАХМҰТ

Қашқарлық Махмұт – өз дәуірінің аса білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, болашақты болжай алатын әулиелігі басым, түркі халықтарының бағына жаратылған, сүйіспеншілігіне бөленген тарихи тұлға. «Аса білімді», «көзі ашық», «көкірегі ояу» деп айтып жатқанымыз – өз халқының ауыз әдебиетін жинады, өскелең ұрпақтардың болашағын ойлады. Бай ауыз әдебиетін жинау арқылы болашақ түркілердің рухани байлығына мол үлес қосып кетті. Өзі өмір сүрген дәуірден бұрынғы жәдігерліктерді, өзі өмір сүрген дәуірдегі жәдігерліктерді жинады. *«Болашақты болжай алатын әулиелігі басым»* ***деп отырғанымыз*** – түркі тілінің дамып, әлем тілдерінің қатарына қосыла алатын дәрежеге жететінін, түркілердің әлем халықтарымен бәсекелес бола алатын қуаты болатынын өзінің «Түркі тілдерінің жинағы» атты кітабымен болжап кеткен еді. *«Түркі халықтарының бағына жаратылған»* ***деп отырғанымыз*** – оның аталмыш кітабы түркі халықтарының тілін, әдебиетін, мәдениетін әлемге танытты. Түркілердің мақтанышына айналды, әлем ғалымдары Қашқарлық Махмұттың аса білімді, данышпан-ғалым екенін мойындады.

Қашқарлық Махмұт өзінің ***«Түркі сөздерінің жинағы»*** атты кітабы туралы былай деп жазады: *«...Бұл кітапты пайдаланғандар кейінгілерге, олар өздерінен кейінгілерге жеткізсін деген ниетпен тағы біраз табылмайтын тіркестерді пайдаландым. Сөйтіп, бұл кітап ұрпақтан ұрпаққа халықтық мұраны қаз-қалпында жеткізу мақсатымен қиянға қанат қағып, әсемдік әлем-мәңгілік өмірге біржолата жолдама алды...»* («Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы», үшінші том, көне жазба мұралар тағылымы, (б.з.бұрынғы1-мыңжылдық-XV ғасырдың соңы), құрастырған: Қалиев С.Қ., Аюбай К.Қ, Алматы, 2007-жыл, 213-бет).

Міне, сонау өз заманында кейінгі ұрпақтар қамын ойлаған көкірегі ояу, көзі қарақты, зиялы, әдебиетші, фольклоршы Қашқарлық Махмұттың бұл сөзінен ұғатынымыз – оның өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқына деген жанашырлығы. Жүрегінен жарып шыққан ұлағатты сөздері, түркі тілі өлмесін деп, түркі

халқы мәңгі жасасын деп ел аралап, сөздіктерді жинауы, оны кітап етіп шығарып, жұртшылыққа таратуы жанқиярлық еңбеккер екенін дәлелдейді. ***Қашқарлық Махмұттың алға қойған мақсаты орындалды!*** Оның жинаған сөздіктері миллиондаған жас түркілердің рухани азығына айналды. Ең бастысы – араб экспаниясына қарсылық көрсетті, түркі тілінің дамып, өркен жаюына мол үлес қосты. Оның кейінгі ұрпақтарға ұсынып кеткен аманаты халқына қалтқысыз қызмет етуде. Өз халқын жанып сүйетін азаматтар осындай-ақ болсын.

Қашқарлық Махмұт туралы профессор А. Қыраубаева былай деп жазды: *«М. Қашғари-араб, парсы мәдениетін, араб грамматикасын жетік білген адам. Ол үш кітаптан тұратын «Түрік сөздерінің жинағы» («Диуани лұғат-ит-түрік») атты кітап құрастырған. Бұл кітап-бүгінгі қазақ әдебиетіне, тіліне, тарихына қатысты қайнарлардың бірі»* (А. Қыраубаева, «Ежелгі әдебиет», 5 томдық шығармалар жинағы, 2-том, томды баспаға әзірлегендер: Г. Асқарова, Н. Мәтбек. Алматы, «Өнер» баспасы, 2008-жыл, 192-бет).

***Қашқарлық Махмұт – араб, парсы мәдениетінен көп ғибрат алған оқымысты.*** Ол осы халықтардың тілдерін жақсы білді. Ол араб



тілін мұқият үйренгенде, сол елге барып араб болғысы келген жоқ еді. Ол парсы тілін мұқият үйренгенде, парсы еліне барып парсы болып кетейін деген жоқ еді. Ол түркі тілінің, өзінің ана тілінің, мәртебесін өзге тілдердің жанында биікке көтерейін деп ойлады. Араб басқыншылығынан зардап шеккен өзінің ана тілінің ғұмырын ұзаққа созғысы келді. Ұмытылып, өзге тілдерге жұтылып кетпесін деп жанталасты. Сөйтіп өзінен кейінгі ізбасарларына, шәкірттеріне терең ой тастап кетті. Осындай жанқиярлық еңбектенудің арқасында түркі тілі араб, парсы тілдерінің құрдымына кіріп кеткен жоқ. Өзінің ерекшелігімен, өзінің көркемдігімен, бүкіл дүние жүзі халықтарының арасында өз орнын тауып, жойылып кетуден аман қалды. Түркі тілінің жойылмауы, түркілердің өзге халықтар мойындайтын мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін сақтап қалды.

Қашқарлық Махмұттың ***«Түрік сөздерінің жинағы»*** деп аталатын құнды кітабында қазақ даласының мекенжайлары жөнінде аса құнды деректер берілген: *«...Румға бәрінен жақын орналасқан тайпа-пешенек. Онан кейін қыпшақ, оғыз, башғырт, басмыл, қай, иабаку, татар, қырғыз тайпалары. Қырғыздар Шынға жақын орналасқан. Онан бері шығыс, тоқси, иағма, оғырақ, жарұқ, жомұл, ұйғыр, қытай тайпалары.*

*Қытайды Шын деп атайды. Одан соң табғаш. Бұларды Машын дейді».*

М. Қашғаридың айтуынша, түріктер дарияны «өгіз» деген. Қала, шаһарды «балық» деген.

Кітапта түрік ру-тайпаларының таңбалары берілген. Олар туралы: *«Түріктер көрікті, өңдері ұнамды, жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерді құрметтей білетін кішіпейіл, уәделерінде берік тұратын мәрт және сол сияқты көптеген жақсы қасиеттерге ие болған ашық-жарқын жандар»*, – дейді.

Ұлы Тәңір айтқан екен: *«Менің бір тайпа қонысым бар. Оларды Түрік деп атап, күншығысқа қоныстандырдым». Бұл жерде «түріктер» деп отырғаны түрік тектес тайпалар».* (А. Қыраубаева, «Ежелгі әдебиет», 5 томдық шығармалар жинағы, 2-том, томды баспаға әзірлегендер: Г. Асқарова, Н. Мәтбек. Алматы, «Өнер» баспасы, 2008-жыл, 192-193-беттер).

Кең байтақ қазақ жерінде Қарахан мемлекетінің құрылғаны белгілі. Қарахан мемлекеті түркілердің мемлекеті болып, әлемге танылды. Осы Қарахан мемлекетінің екі астанасы болғандығы жөнінде ғалымдар былай деп жазады: ***«Махмұт Қашқари – XI***



***ғасырда түркілерден шыққан білімпаз, тілші, ғалым, әдебиет үлгілерін жинаушы**. Қашқари Ыстықкөл маңайындағы Баласағұн қаласында туып, Қашқарда тұрған (Қашғари аталуы сондықтан). Ол кезде қазақ жерінде құрылған Қарахан мемлекетінің екі астанасы болды. Бірі – Баласағұн, екіншісі – Қашқар. Болашақ ғалым Қашқарға әкесінің қызметіне байланысты барған...»* (Қ. Әбдезұлы, Г.Д.Рыскелдиева, С.Ч.Тұрсынғалиева, «Қазақ әдебиеті», Астана, «Арман-ПВ» баспасы, 2013-жыл, 66-бет).

Жоғарыдағы ғалымдар Махмұттың қазақ жерінің дөңгелек картасын жасағаны туралы жазады: *«Қашқари бұл кітабын жазу үшін түркі қалалары мен даласын түгел аралап, әр жердің сөйлеу ерекшеліктерін зерттеген. Мақал-мәтелдері мен жырларын жинаған. Қазақ жерінің дөңгелек картасын жасаған. Онда: Барыстан, Баласағұн, Тараз, Екіөгіз, Қашқар, Каспий сияқты ежелгі елді мекендер сызып көрсетілген.*

***Қашқарлық Махмұттың тағы бір қыры – ол жағырапияшы болды.** Осы ғылымға іңкәрлікпен ұмтыла білді. Түркі халықтарының сөздігін құрастыру үшін түркі жұртын толық аралап шығу керек болды. Бұл оның жағырапия әлеміне ой жүгіртуін тездетті. Түркілердің*

*жер-су аттарын әйгілеп, түркі елінің жағырапиясына көңіл бөлді.*

Сөздікте 29 түркі тайпасының аты аталады, 6,5 мыңға жуық түркі сөзіне арабша түсінік берген. 260 тан астам мақалдың 60-ы қазіргі күнде тілімізде ешбір өзгеріссіз қолданылады.

Қазақ даласының мекенжайлары жөнінде де деректер берілген: Атыл (Еділ), Бұлғар теңізі (Каспий), Баласағұн, Маңқыстау, Ақтерек, Іле, Сайрам т.б. жер-су аттарын айтып кетеді. Алып Ер Тоңа мен Афрасиабтың бір адам екенін көрсетіп, маңызды деректер береді (Қ. Әбдезұлы, Г. Д. Рыскелдиева, С.Ч.Тұрсынғалиева, «Қазақ әдебиеті», Астана, «Арман-ПВ» баспасы, 2013-жыл, 66-67-беттер).

***Қашқарлық Махмұт – саяхатшы.*** Түркі сөздерін, түркілердің ауыз әдебиеті үлгілерін жинағанда әрбір елді мекенге аялдауға тура келді. Мұның өзі оны саяхатшы болуға мәжбүрледі. Саяхатшы болып, түркілердің жер-су аттарын жазып жүрді, саяхатшы болу арқылы ол түркі жұртының жағырапиясын үйренді. Бір-бірімен тұтасып қалған осы ғылымдарды үйренген Махмұттың бойынан өмірге деген құштарлық сезіліп тұрды.

***Қашқарлық Махмұт ауыз әдебиетін***



***жинаушы ретінде атағы шыққан.*** Ол ежелгі сақ заманынан ауыздан-ауызға тарап келген «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» атты жоқтау жырды айтушылардан жазып алып, өзінің кітабына енгізген. Ол басқа да ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған. Ежелгі дәуірдегі ауыз әдебиеті мен өзі өмір сүрген дәуір әдебиетінің үлгілерін жымдастыра білген аса сауатты адам болған. Міне, соның нәтижесінде қазіргі әдебиетші ғалымдарға ежелгі дәуірдегі қазақ халқының ауыз әдебиеті, балалар әдебиеті туралы жаңа зерттеулерге жол ашып берді. Қашқарлық Махмұттың еңбектерінің ерекшелігі осында.

Қашқарлық Махмұттың өмірі мен ғылымдағы жетістіктері туралы қазақ ғалымдары Н. Келімбетов, Х. Сүйінішәлиев, т.б. ғылыми-танымдық еңбектер жазды.

**Семей көп салалы**
**колледжінің ұжымы,**
ШҚО,
Семей қаласы

# ТҰЛҒАСЫ БИІК, ТАҒЛЫМЫ ТӘМСІЛ АБЗАЛ ЖАН

Адам баласының көкірек көзін ашарда көрері – ұстаз бен кітап. Сондықтан да осы екеуіне дақ түсірмей, ардақ тұтып өтер де. Ең ғажабы, сол – күндердің күні армандаған биігіңе жетіп, көз жетпес көкжиегің көкейіңе қонғанда, алдымен есіңе ардақты ұстаз бен асыл кітап оралар.

Ардақты ұстаз! Оның ыстықтығы әсіресе алыста... балалықтан тым-тым шалғайда жүргенде білінер. Осындай үлкен жүректі ұлы ілтипат иесі Ұстаз – өз Отанын, ең абзалы, өз халқын білімнің асыл айдынымен саусындатып, тұнығын шайқалтпай сақтайтын сүйегі асыл мамандық иесі. Әлемде қанша мейірім атаулы болса да, сонша мейірімді жұдырықтай жүрегіне сыйдырған мұғалімнің оқушысына төккен мейіріміне не жетсін. Ол – құдірет! Ол – шексіз махаббат! Ол – ғаламат сезім! Осындай ұстаздықтың ерен үлгісі, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің, Д.Қонаев ордені мен Шәкәрім медалінің иегері Қабылғазинова Әлия Қабылғазықызының ұстаздық тұлғасы биік, тағылымы – ғұмырлық мәйек.



Әлия Қабылғазықызы – жүрегі мен ақыл-ойы ғажап үйлесім тапқан, ойдағы берекелі ісі байыпты мұрат табуы үшін білімін шыңдап, бар ғұмырын бала оқытуға, білім беру саласына арнаған, қазақ әйелінің арда қасиеттері бір бойында астасып жатқан, жүрегі – мамырстан, ақылы – асылдан, үлгі тұтар ғазиз жан. Ол кісінің үлкен анасы (апасы) Мәлика сұрапыл соғыс, соғыстан кейінгі жылдары интернаттағы балаларды қамқорлығына алып, мейірбан жүрегі үшін «Мектеп апа» аталған, ал әкесі Есіркепов Қабылғазы бар ғұмырын бала оқытуға арнаған, директор қызметін атқарған. Осындай отбасында тағылым түйген, солардың аманатына адал болып өскен Әлия Қабылғазықызының ұстаздық негізі бала кезінен қалыптасқаны қалтқысыз.

Ересектерде «балалықтың елінен» келмеген ешкім жоқ шығар. Әлия Қабылғазықызының туған інісі Ғалым: *«Әлияның мектепте оқып жүрген шағында тамам баладан ала бөтен ерекшелігі – байқағыштығы еді. Әр нәрсені тез аңғарып, көрген-сезгенін ұмытпай жадында түйетін. Бертін келе кітап оқуға әуестенді. Қолына не түссе, соның әр жерін түрте оқып, өз ойын қағазға шимайлай түсіріп көп оқитын. Жоғары класқа келгенде, әжептәуір талабы бар танымал әдебиетші болды. Мектептің бүткіл қағазы өз қолынан өтіп жүрді. Қабырға газетінің редакторы болып сайланды. Табиғаттың берген танымдық дарынын*

*машықтап, кітап оқу ғадетіне айналды»,* – деп, балалық шағы туралы еске алады.

Әлия Қабылғазықызы мектепті үздік тәмамдағаннан кейін араға біраз жыл уақыт салып, Н.К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алды. Институт қабырғасында Қайым Мұхамедханов, Қуандық Мәшһүр-Жүсіп, Қинаят Шаяхметов сынды әдебиет алыптары мен тіл зергерлерінің дәрісін тыңдап, ана тілі мен ұлттық әдебиеттің құндылықтарын бойына тереңінен сіңірді.

Әлия Қабылғазықызының ұстаздық жолы кішкентай отаны, анадай ардағы, туып-өскен жері Күршім ауданынан басталды. *«Білім – бір құрал. Білімі көп адам – құралы сай ұста, не істесе де келістіріп істейді»* деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, Әлия Қабылғазықызы бар білімін, ілімін, бар қабілет-күшін, күллі қару-құралын бала оқытуға келістіре жұмсады. Ауылда бала оқытып, өзі де өз бетімен білімін толықтырды. Әдеби ізденулермен қатар оқу оқыту, білім мәселелерімен де қоса шұғылданды. Кейіннен қызмет бабымен Семей қаласына ауысып, қала мектептерінде еңбек жолын жалғастырды. Мәдени-ағартушылық, әдеби шығармашылық іс-әрекеттері мен қимыл-қарекеттері мұнда да толас таппайды, қайта өрлеп тың өріске өрледі.

2000 жылы жас мемлекетіміздің болашағы



мен мұратына сан сала бойынша өлшеусіз еңбек сіңіретін білікті мамандар даярлау мәселесінің негізінде Семей көп салалы колледжі құрылып, Әлия Қабылғазықызы аталған колледжге білім бөлімінің меңгерушісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы ретінде шақырылды. 2005 жылы құрылтайшылар кеңесінің шешімімен директор болып тағайындалды.

Семей көп салалы колледжін шығыс өңірінде кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы орнықты оқу орны, кемел білімнің ордасына айналдырып, еңбегі еліне медет, игі бастамалары баршаға бақыт әкелген білікті басшы Әлия Қабылғазықызы – кәсіби деңгейі жоғары ұстаздар дайындайтын өзіндік мектебі қалыптасқан ұстаздардың ұстазы. Қазіргі бірқатар бірегей ұстаздардың, кейінгі жас толқындардың ұстаздық келбетін қалыптастыруда Әлия Қабылғазықызының үлкен ықпалы, игі шапағаты бар.

Әлия Қабылғазықызының ұжымның бірлігі мен берекесі үшін, көңіліміздің көркі мен пейіліміздің тоқтығы үшін, бүгінгі жас баланың, ертеңгі келешек ұрпақтың жақсы күні, бақыт-дәулеті үшін атқарып жатқан еңбегі ұшан-теңіз! Осы үшін де біздің алғысымыз шексіз! Ұстаз атаулының үлгі тұтар тұлғасына айналған жанның ұлан-асыр мерейтойлары мен телегей теңіз қуаныштары таусылмасын деп тілейміз!

**Ж.Д.ТӨЛЕУБАЕВА,**
**№25 ЖОМ,**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.**
Павлодар қаласы

# ОЗЫҚ ҰСТАЗ

Қанша ғасыр өтсе де, сөзінің мәні жоғалмай, айтқандары адамның жүрегіне нұр құятындай пайымды пікір қалдырған ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин: *«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» дегені бәрімізге мәлім.* Шынында да, шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беріп, болашағының бағдарын нұсқаушы ұстаздың әр баланың өмірінен алатын орны ерекше. Жас ұрпақтың келешегінің жарқын болуы үшін еңбек етіп жүрген ұстаздар қаншама?! Солардың бірі – «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің мұғалімі Жанғабулова Назира Ерғалиқызы ұстаздық жолын Актоғай ауданына қарасты Х.Шаяхметов атындағы орта мектептен бастаған әріптесім мектеп қабырғасында жүргенде, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, өнер мен мәдениет сынды ұлттық, рухани құндылығымызды қазақтың тілі мен әдебиеті арқылы бойына әбден сіңірткен, ұстаздардың ұстазы





атанған білікті маман, өзінің сүйікті ұстазы Рысбаева Рымтай Омарқызынан білім нәрін сусындағаны *«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»* дегендей, оның өз пәніне деген ерекше сүйіспеншілік шәкірттерінің тілге, әдебиетке деген қызығушылығын оятып, оларды ізденіс, зерттеу, шығармашылық жұмыстарға, мәнерлеп оқуға баулып, пәндік додаларға қатысуға мүмкіндік туғызып қана қоймай, жетістікке жетуіне елеулі еңбек етуде.

Бүгін де алдыңғы қатардағы қала мектептерінің бірі – №25 жалпы орта білім беру мектебінде кәсіби шеберлігінің шыңына жеткен Назира Ерғалиқызының жемісті еңбегінің жетістіктерін айтпай кетпеуге болмайды. Шығармашыл ұстаздың баулуымен шәкірттері түрлі қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Атап айтсақ, Казбекова Жансая қалалық, облыстық пән олимпиадасының жеңімпазы, Тусупбекова Дамира облысқ «Абай оқуларының» жеңімпазы болса, аталмыш республикалық оқулардың номинанты. Бұдан басқа Баймұрын Мадина, Дүйсен Алдияр, Жармағамбетова Анар, Амантаева Аружан, Тургунбаева Аида, Бекболат Айдана сияқы оқушылар «Сұлтанмахмұттың қоңыр күзі», «Мұқағали Мақатаев оқулары», «Махамбет оқулары», «Оралхан Бөкей оқулары», «Жарқын болашақ» сайыстарының жүлдегерлері.

*«Ұстаз ізденгіш болуы, ойлай білуі, қандай істі болсын бар ынтасымен атқара білуі керек»* екенін ұстанып жүрген осындай озық ұстаздың шәкірттері

ғана емес, өзі де түрлі додаларда бақ сынаған білімпаз тұлға, нәтижелі жетістіктердің иегері. *«Қ.Бітібаеваның «Конструкциялау» технологиясы арқылы оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту»* атты тақырыппен 2016, 2017 жылдары қалалық, облыстық сайыстарда озық шығып, облыс көлемінде тәжірибе таратуға мүмкіндік беретін сертификатқа ие болды. Оның жылма-жыл дайындап шығаратын *«Ең үздік әдістемелік-дидактикалық құралдар»* атты еңбектері үнемі жүлделі орындармен жетістіктер қоржынын толықтыруда.

Озық педагогикалық тәжірибе таратушы, ізденімпаз ұстаз – әріптестерінің арасында беделді, кез келген уақытта ешкімнен көмегін аямайтын жанашыр жан.

Мұғалімдікпен қатар, тәрбие жөніндегі директордың орынбасары қызметін де абыроймен атқарып жүр. Оның оқушылардың патриоттық сезімін, ұлттық өнер мен халық дәстүріне деген қызушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырып өткізетін әрбір мерекелік іс-шарасы көркемдігі жағынан да, мазмұны жағынан да керемет.

Қала, облыс көлемінде озық тәжірибе таратушы ізденімпаз ұстаз – әріптестерінің арасында беделді, кез келген уақытта ешкімнен көмек қолын созудан жалықпайтын жанашыр жан.

Аса қадірлі Назира Ерғалиқызын төл мерекесімен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, отбасына береке, ұстаздық жолына Шәкәрімше айтсам, «кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек» тілеймін!





**Қ. Б. АБУОВА,**
**Қызылорда қаласындағы**
**химия-биологиялық бағытындағы**
**Назарбаев Зияткерлік мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиетінің**
**пән мұғалімі.**
Қызылорда қаласы

# ACTION RESEARCH АРҚЫЛЫ ІС-ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ

***Action research*** *— бұл мұғалімнің өзі кездескен кедергіні ғылыми әдістемеге сүйеніп шешуге тырысуы, сол арқылы процессті бақылауы, анықталған мәселені бағалап, мейлінше түзету енгізе алуы.*

***Stephen Corey (1953).***

**ACTION RESEARCH** арқылы сабақты, сабақ үдерісіндегі іс-әрекетті бақылау туралы ағылшын тілді, орыс тілді сайттардан, ғылыми-зерттеу еңбектерінен жан-жақты талданған ақпараттар таба аласыз. Қазақстандық мұғалімдердің бұл зерттеу құралына деңгейлік біліктілік арттыру курстарынан тәлім алғаннан кейін де қызығушылығы артқаны белгілі. **LESSON STUDY** – *сапаны, сыныпты, сынып ішінде ішінара қолдауды қажет ететін оқушыларға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу, не керісінше, дарынды баланың қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін ескеру, сабақты командалық жоспарлау секілді кешенді жұмыстарды қамтыса,*

**ACTION RESEARCH-та** – *бір ғана пән мұғалімі өзі сабақ беретін сыныбында кезіккен мәселесін түрлі деректерден, әсіресе батыстың білім саласында жасалған зерттеулеріне, талдауларына сүйене отырып, өздігінше бір мәселені фокусқа алады.*

Жалпы білім беретін мектеп ұстаздары оқушыларды іріктеп алатын лицей, гимназия немесе өзге де оқу ошақтарында мәселелер мүлде туындамайды, А,В,С деңгейлі оқушылар тек қана орта мектептердің еншісінде деген жаңсақ пікірде. Олай дейтін себебім, шындығында, дарынды балалардың танымы, білім жетістіктері біркелкі емес. Пәннен теориялық жағынан өте сауатты оқушы өзінің білімін шынайы өмірде мүлде қолдана алмауы мүмкін, сонымен қатар грамматикалық, стилистикалық қателерді кедергі деп есептемей, эссені жоғары деңгейде жазуы ықтимал. Себебі психологтардың зерттеуіне сүйенсек, оқушылардың қабылдауы бірінде тыңдау (аудиал) арқылы жүзеге асса, қалғандарында көру (визуал), не сезу (кинестетик) арқылы іске асады. [1. 3-б]

***Ескере кететін жайт,*** егер сіздің сабақ беретін бірнеше сыныбыңызда бірқатар мәселелер көрініс тапса, уайымға салынбаңыз. Іс-әрекет бар жерде нәтиженің болуы заңдылық болса, сізді алға қарай қамшылайтын кері тұстардың да болуы – дәл сондай заңдылық. Барлығын бір мезетте



дереу шешудің қажеті жоқ. Себебі кез келген қиындықты шешу үшін оны алдын ала сауатты түрде жоспарлаған абзал.

**А3 форматтағы қағазға, не компьтердегі жұмыс үстеліңізге сыныптарыңызды өзіңіз шатаспайтындай етіп белгілеңіз.*

** Сәйкесінше әр сыныпта туындаған мәселеңізді өз сөзіңізбен жазыңыз.*

***Бірінші қадам жасалды,*** яғни сіз сабақ беретін сыныпта бөлім бойынша көрсеткіш, тоқсандық көрсеткіштің себебі не екендігін анықтадыңыз.

*Егер сіз сыныпта білім жағынан, не тәртіп жағынан, болмаса белгілі бір мақсат, дағдыдан кемшілік бар екенін сезіп, алайда оның туындау себебін айқындай алмасаңыз, тәжірибелі өзге әріптесіңізді өз сабағыңызды бақылауға, мәселені анықтап беруге көмектесуін өтінгеніңіз дұрыс. Пән мұғалімдері барлығы дерлік жоғары білімді, бірінші, жоғары санатты болғанымен, зерттеушілік қабілет көпшілігінде кездеспейді. А3 форматтағы қағазға, не өзге жазу құралына оқушылар туралы ақпаратты жазғанда, абай болған жөн. Оқушылардың құқығына, не сезіміне кері ықпал ететін амалдардан бас тарту қажет. Мысалы, «7 «А» сыныбында оқушылардың көпшілігі жазылым тапсырмасын сауатсыз жазады» деген тұжырымнан аулақ болыңыз. Сіздің өзіңіз, не әріптесіңізбен жасаған*

*жоспарыңызды өзіңіз ғана көргеніңіз жөн, жалпы ақпаратқа таратудың, оқушының аты-жөнін, дәлел үшін суреттерін қоюдың еш қажеті жоқ. Дәлел ретінде сыныптағы ББЖБ, ТЖБ, СЖБ қорытындыларды көрсетсеңіз – жеткілікті.*

***Мәселені айқындағаннан кейін,*** сол проблеманы кімдер, қалай, қашан (мерзімі де маңызды, себебі мыңжылдықтың шәкірттеріне Кеңестік білім әдісі қаншалықты сәйкес екендігін салыстырумен-ақ алтын уақытыңызды жоғалтасыз) зерттегенін, қандай нәтижеге қол жеткізгенін сараптаңыз. Ғылыми еңбектерге, зерттеулерге шолу жасаңыз. Өзіңіздің жан дүниеңізге жақын, ең бастысы, қолжетімді әдіс түрін таңдаңыз. Таңдауды оқушыларға да ұсынуға болады. Егер мәселе функционалды сауатты оқуға қатысты болса, оқушылармен келесі сабақтарда *«Мәтіндегі негізгі ақпараттар мен қосымша, детальді ақпаратты табудың бірнеше жолын талқылаған жөн бе, әлде мәтіннің негізгі ойын анықтайтын ашық сұрақтардың түрлерін меңгерткен дұрыс па?»* тақілес сұрақтар қою арқылы ақылдасуға болады. [3. 37-б]

***Мәселе, жоспар, стратегия айқындалған кейін,*** өзіңіздің ғылыми қаруланғаныңызды байқап, одан әрі шабыттана түсесіз. Барлық іс-әрекетті есеп үшін, не басқа да фактор әсер етуімен емес, өз қызығушылығыңызбен орындасаңызғаназерттеуоң нәтижесін бермек. Осыдан кейін ғана шәкірттерден сіздің анықтаған мәселеңіздің шығу себебін, оған оқушының көзқарасын, шешу жолына қандай стратегия қажеттігін білу үшін сауалнама аласыз. ***Сауалнаманың пайыздық көрсеткішін жасаған жөн,*** себебі оқушы пікірін ескере отырып, келесі кезеңге, яғни іс-әрекетті бақылауға көшесіз. Сауалнаманы өзіңіз құрастырасыз, сұрақтарды өз мәселеңіздің төңірегінде жасақтайсыз. Мысалы, «Айтылым тапсырмасындағы дауыс, ырғақ, интонацияны қалай жетілдіруге болады?» деген сауалға оқушыларға «YOUTUBE желісінен түрлі шешендердің сөз саптауынан үлгі алу», «Бос уақытта айна алдында жұмыс жасау», «Білмеймін» деген секілді ықтимал жауаптарын ұсынуға болады. Оқушылардың жауаптарына сүйеніп, іс-әрекетті жоспарлайсыз. Егер оқушылардың 50 %-дан астамы «Білмеймін» жауабын таңдаса, еш уайымға салынбаңыз, өз стратегияңызды жүзеге асыруға сізде мүмкіндік арта түседі. Ол әлемге танымал шешендер, TED X, RED X спикерлерін үлгі ретінде тыңдату болуы мүмкін, не болмаса өзіңіздің сынып алдында шешендік өнеріңізді жарқыратып көрсету, дауыс қою, дикциямен жұмыс туралы жазылған еңбектерді оқуға ұсынуыңыз да ықтимал. Мысалы, танымал журналист, шешен Нина Звереваның «Я говорю, меня слушают» еңбегін ұсынуға болады. Қазақтың би-шешендерін, қазақстандық танымал

қоғам қайраткерлерінің танымдық тақырыптағы сөз саптауларын тыңдатуға болады. Интерактивті тақтаңыз болмаса, ұялы телефоныңыздағы аудио мүмкіндігін қолданыңыз.

***Іс-әрекетті жоспарлау дегеніміз*** – *сабағыңызды жоспарлағанда, алдын ала анықтаған мәселеңізді шешу мақсатында оқушының ілгерілеуіне себепші болатын стратегияны тиімді қолдану.*

***Сабақ үдерісінде тек пән мұғалімі рөлінде шектелмей, зерттеуші, сыни бақылаушы бола алуыңыз – сіздің көптеген қиындықтарыңыздың санын азайтады.*** Нақты алгоритм ретінде төмендегі өзара тығыз байланысты іс-әрекеттерді ұсынамын:

* *Мәселені айқындау;*

* *Зерттеу сұрақтарын жасақтау;*

* *Ғылыми еңбектерге жан-жақты шолу;*

* *Жоспар жасау;*

* *Сауалнама алу;*

* *Оқушылармен ашық диалог;*

* *Іс-әрекет (сабақ жоспарлау, тиімді әдіс, стратегия таңдау);*

* *Сабақты бақылау есеп жазу(қолжетімді нәтиже, орын алған кемшіліктер);*

* *Нәтиже.*

Егер сіз бұл іс-әрекеттердің реттілігіне өзгеріс енгізгіңіз келсе, ол – қуантарлық жағдай. Себебі



бір типтес жұмыстардың барлық сыныпқа, бүкіл мұғалімнің әдістемесіне оңтайлы келмеуі – ғажап емес.

Қорытындылай келе, кез келген сыныпта түрлі деңгейдегі әр алуан мәселелер орын алады. Қазақ тілінен төрт дағдыны меңгертуде кездесетін мәселелердің шығу төркіні де бірдей емес. Сол себепті сыныптың ерекшелігін, әлеуетін ескере отырып, анықталған мәселелер дұрыс жоспарланып, оқушы пікірі ескеріліп, үздік ғылыми зерттеулерге сүйене таңдалған әдіс-тәсілдер тиімді болмақ.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Bliemeister, J (1988). «Empirische Uberprufung zentraler theoretischer Konstrukte des Neurolinguistischen Programmierens (NLP) (Empirical verification of central theoretical constructs of neurolinguistic programming (NLP).)».
2. http://vseklass. ru/obshhenie/audialy- vizualy-kinestetiki-i-digitaly.html
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.

**Б. Б. ЕСЕНОВА,**
**№203 орта мектептің**
**жоғары санатты**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

XXI ғасыр – бұл озық талаптардың ғасыры. Білім берудің жаңалықтарын енгізе отырып, бүгінгі күннің талаптарын меңгерудің маңызы ерекше болып отыр. Бүгінгі таңда әлемде қалыптасқан озық үрдістердің үлгісі негізінде сабақ берудің жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеру ұстаздар қауымының басты міндеті болып табылады.

Ұстаз... Ұстаздық – киелі де қарапайым мамандық. Жер бетінде адамзат баласы пайда болғаннан бері әрбір адамды ойландырып, толғандырып келе жатқан қоғам құрылып жатса да, қажеттігін жоймайтын мәселенің бірі – баланы өмір сүруге дайындау. Бұл – қиынның қиыны. Себебі әрбір адам – кайталанбас әрі жеке тұлға. Әр адамның жан дүниесі – өзінше бір әлем. Өмір ағымымен қоғамдағы саяси-әлеуметтік қарым-қатынас дамыған сайын, бүкіл дүние жүзінде мемлекетаралық интеграция күшейген сайын ұстаздың қызметі қиындай береді. Соған қарамастан кез-келген мұғалім өз кәсібінің шебері болуы үшін оқыту әдіс-тәсілдерін түрлендіруге, жаңартуға тырысады. Бұл, әрине сабақта қолданылатын технологиямен байланысты. М.В. Клариннің пайымдауынша, педагогикалық технология – педагогикалық мақсаттарға жетуге қолданылатын барлық жекелік инструменталдық және әдістемелік құралдарының жүйелі жиынтығы және қызмет жасаудың реттілігі [1, 32-бет]. Мұғалімдердің осы технологияларды пайдалануы үшін және ыңғайлысы мен тиімдісін үйрету үшін білім беру жүйесінде түрлі жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасында *«Орта білім берудің мақсаты – терең білім, кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі жұмыстандыруға, өзін-өзі дамыту және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру»* делінген. Ал, бүгінгі ұстаздар алдындағы үлкен міндет – заман талабына сай білім беруді дамыту, білім сапасын жоғары деңгейге көтеру. Осы орайда, жаңа

форматта оқыту мен оқудың Кембриджлік әдіс-тәсілін қазақстандық мұғалімдерге меңгертуді қолға алынғаны белгілі. Ағылшындардың бұл бағдарламасы бұрынғы дәстүрлі жаттанды оқытудан алшақтап, оқушыға іздендіре отырып білімді игертудің ең тиімді әдісі деп білемін. Бағдарламаның негізгі міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби шеберлігімен өзара байланыста қарастырылады. Мұнда негізгі мәселе тиісті сабақтарда қарастырылатын жеті модульге сараланған [2, 49-бет]. Бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру үшін жаңа ғасыр мұғаліміне жаңа талаптар қойылуда. Қай халық үшін де өз ұрпағының тәлім-тәрбиесі мен білімі ғасырдан ғасырға ұласқан ұлттық болмысқа сай болуы маңызды. Қазіргі кезеңде білім – даму мен өркендеудің, жетістік пен жаңалықтың басында тұратыны сөзсіз.

*«Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз»* деп Абай атамыз айтқандай, ***менің басты мақсатым*** – қазіргі заман талабына сай білім ордаларында оқушыларға тиімді сабақ барысын ұйымдастыра білетін жаңашыл ұстаз болу. Сондықтан педагогтік біліктілігімді Кембридж бағдарламасы бойынша арттырдым. **Бұл бағдарламаның басты мақсаты –** *мұғалімдерді оқушылардың өз бетімен ізденіп, білім алып, өзін-өзі реттеп, диалогтік қарым-қатынас арқылы білімдерін арттырып, сандық технологияларды пайдалана білетін белсенді, білімді, саналы азаматтарды тәрбиелеп, елімізге өз үлесін қосатын ұлт перзентін қалыптастыру.*

**Бағдарламадағы жеті модуль** – *оқушының білім сапасының артуына аса тиімді тәсіл. Өйткені мектептегі іс-тәжірибемде жеті модульді пайдалана отырып өткізген сабақтарымда оқушының бойында метатанымдық қабілеттің, сыни тұрғысынан ойлау қабілеті мен диалогтік қарым-қатынасының қалыптасқандығын зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы байқадым.* Оқушыларды топқа бөліп, сыни тұрғыдан ойлану тапсырмаларын бергенімде, бір-бірлеріне өз пікірлерін білдіріп, ынтымақтастықпен бір-бірін тыңдап, дұрыс шешім қабылдап, өздерінің алға қойған мақсатына қалай жету керектігін түсінді. ***Өйткені үйрену*** – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, өз тобының мүшелерімен талқылайды. Яғни,

айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оқушының ойы ашылады, тіл байлығы артады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Мұғалім мен оқушы бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, еркін сөйлесіп, сыныптастарымен пікірлерін бөлісіп, тыңдауға, құрметтеуге, мәселелерді шешу жолдары мен сыни тұрғысынан ойлана отырып ізденуге қалыптастыратын бағдарлама екенін түсіндім. Осы бағдарламаны өз тәжірибемде қолданғанда оқушылардың бойындағы талант пен дарынды қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік бар екенін байқадым.

Көптеген елдер тәжірибеде қолданып, жоғары нәтижелерге қол жеткізген сындарлы оқыту технологиясы менің де көзқарасымды шыңдап, бекіте түсті. Мектептегі тәжірибемде жаңа білім мен жаңаша дағдыларды өз бойымнан өткізе бастағанымда бұл бағдарламаның негізгі идеясын толық түсіндім. Мұндағы негізгі басымдық ынтымақтаса оқыту ортасын құруға негізделген. Шындығында, әр жеке мұғалімнің өзіне ғана тән ерекшеліктері мен мүмкіндіктері болғанымен, жалғыз өзі жетістікке жету – бұл ескірген, болашағы жоқ іс-әрекетке айналып



отыр. Бірлесе отырып жұмыс жасау – ауыл шаруашылығында, өндірісте, экономика мен мәдениетте – барлық салада көрініс табуда. Ал білімдегі бірлескен әрекет бұл – басшылық пен мұғалімнің, мұғалім мен мұғалімнің, мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының, ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысы. Ынтымақтастықта, ауызбіршілікте болып, бірлесе отырып жұмыс жасау – халықтық педагогиканың да насихаты, біздің бабаларымыздың үні. Ендеше, деңгейлі бағдарлама – ескінің үздігі мен жаңаның жақсы тұстарының бірігуі.

*«Бақыт жолы – тек білімнен табылар»* деп Ахмет Игүнеки айтқандай, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал ететін, адамзат қоғамын алға апаратын құдірет күш тек - білімде.

***Кембридж бағдарламасының мақсаты* –** оқушылар өздерінің қалай оқу керектігіне назар аудара отырып, олардың өз ойлары мен дәлелдемелерін нақты жеткізе алатын, яғни ойға жүйрік, тілге шешен, әрі жазбаша түрде еркін, көркем бейнелеп жазуға төселген, бірнеше тілді қатар меңгерген бәсекеге қабілетті жан-жақты жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Ондай «тұлға» болашаққа сенімді, ынталы, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, қазіргі

сандық технологияларды өмірде өз білімін қалыптан тыс жағдайда да еркін әрі терең пайдалана білетін жан болуы тиіс. Кембридж бағдарламасының теориялық негізінде түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, орта білім беру жүйелеріне әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқыту тәсіліне басымдылық берілген. ***Бұл оқытудың басты мақсаты – ойлауды дамыту болып табылады.*** Яғни, оқушы өзінде бар білімді түрлі дереккөздері арқылы, мұғалімнен, оқулықтан достарынан алған білімдерімен біріктіре отырып іске асырады. Осыған дейін біз дәстүрлі оқыту үрдісін іске асырып келгенбіз. Өткен ғасырдың басында-ақ американ педагог-психологі Джон Дьюй жоғарыдағы «дәстүрлі» білім беру енжарлықпен білім беру үдерісі арқылы сипаттады және өзара әрекеттің немесе сыни қатысудың төмен деңгейін ғана қажет ететін «жаттап алу» әдісі деп санаған. Ал осыған дейін біздер қолданып келген «дәстүрлі оқыту» қандай оқыту? Ол – қазіргі мұғалімнің 45 минуттағы іс-әрекеті. Мұғалім кіреді, сабақ сұрайды, сабақ түсіндіреді, 4-5 оқушыны бағалайды, қалғандары сол қалпында қалады. Бұл жердегі мұғалім тарапынан берілген дайын білімде



оқушылар өздігінен ары қарай дамыту, іздену, ойласу, атсалысу, салыстыру пікір таластыру т.б жайлар қолға алынбайды. Мұндай білімнің аясы тар, көбіне жаттанды есте сақтауға алып келеді. Сондықтан көбіне санада механикалық есте сақтау арқылы алынған білім ойлаудың төменгі деңгейінде ғана жүзеге асырылады. Ары қарай терең ойлану үрдісі іске асырылмайды. Сындарлы оқытуда басты басымдылық оқушыға беріледі. Мұғалімнен гөрі оқушы көп ойланып, көп талқылап, достарымен көп сөйлесіп әрекеттенеді. Ал мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясын, білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай етіп ұйымдастыру талап етіледі. Мұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнды ойларын білдіре алатындай пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым түсініктерін өрістетуге орайластырып құрылады. Дегенмен, әр мұғалім сабақ жоспарлағанда өз пәнінің ерекшеліктерін ескеруі қажет. Қазақ тілі сабағында оқушының сыни ойлау, өз ойын жаттанды емес, өз сөзімен еркін жеткізе алу, өз жауабына сенімді болу қабілеттерін ашуымыз керек. Кембридж тәсілімен оқыту Блум таксономиясына негізделіп жоспарланады. Сөзім құрғақ болмас үшін, Блум таксономиясына

негізделген бір қысқа мерзімді сабақ жоспарыма тоқталып кетейін.

## Сабақ жоспары:

| Пән: қазақ әдебиеті № 203 орта мектеп<br>Мұғалімнің аты-жөні: Есенова Бағжан<br>Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны: 0 | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы:** | **Адал еңбекпен дүние табудың үлгісі** |
| **Осы сабақ-та қол жеткізіле-тін оқу мақсаттары** | **Т/Ж3.** Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу<br>**А/И1.** Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** әңгімедегі кейіпкерлердің портретін тауып, оларға мінездеме беру арқылы салыстырады. |
| | **Көптеген оқушылар:** Шығармадағы жақсы мен жаман қасиеттерді зерделейді. |
| | **Кейбір оқушылар:** Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін шынайы өмірмен байланыстыра отырып, кейіпкердің образын ашады. |
| **Бағалау критерий-лері** | **1.** Әңгімедегі басты кейіпкердің портретін сипаттайды.<br>**2.** Шығармадағы кейіпкер бейнесіне талдау жасайды.<br>**3.** Шығарманың тәрбиелік мәнін анықтап, эссе жазады. |



| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар айта алады:**<br>Негізгі айтылған ойға өз көзқарасын білдіріп, пікірін нақты мәліметпен дәлелдей алады.<br>**Негізгі сөздер мен тіркестер:**<br>*Версаль, франк, әйдік, Брюссель, фабрик, фабрика, приказчик, купец.*<br>***1.****Еңбектегі әр минут-бір несібе.* ***(Ғафур Ғұлам)***<br>***2.*** *Еңбек – рахаттың атасы. (****А. Стендаль)***<br>***3.*** *Байлық – қанағат пен еңбекте.* ***(Ы.Алтынсарин)***<br>**Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:**<br>**Талқылауға арналған сұрақтар(тыңдалым)**<br>Болашақта қандай маман иесі болғыңыз келеді?<br>Егер кәсіпкер болсаңыз, бизнестің қай түрін дамытар едіңіз?<br>**Сіз неліктен, не себепті .... деп ойлайсыз? (айтылым)**<br>Не себепті Антон өз өмірін өзгертті деп ойлайсыз?<br><br>**Жазылым бойынша ұсыныстар:**<br>Топтарға берілген тақырыптар бойынша кесте толтырады және эссе жазады. |

| | |
|---|---|
| **Құндылық-тарды дарыту** | • «Мәңгілік ел» идеясының бесінші құндылығы: еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.<br>• қарым-қатынас жасау;<br>• өзгелердің көзқарасына құрметпен қарау;<br>• еңбексүйгіштік;<br>• жауапкершілік;<br>Құндылықтарға баулу топтық, жеке, жұптық жұмыстар арқылы іске асады. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі, өзін-өзі тану |
| **Алдыңғы оқу** | Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы, «Кел, балалар, оқылық» , «Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімелері |
| **Сабақ барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жұмыс түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**5 мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**1.** Оқушылармен сәлемдесу, кезекші мәлімдемесі.<br>2.Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдерінің жолдары қиынды | |



| | | |
|---|---|---|
| | қағазда беріледі. Ал, оқушылар сол қиындылардан өлең жолдарын құрайды.<br>**І топ – «Ақылдылар»**<br>**ІІ топ – «Білімділер»**<br>**3.**Оқушыларға **«ББҮ» әдісі** бойынша парақшалар таратылады, ал оқушылар алғашқы екі бағанын толтырып, оқиды. (Оқушылар назарына «Ыбырай мұралары» тақырыбында бейнекөрсетілім ұсынылады.)<br>**«Сұрақ менен, жауап сізден...» әдісі**<br>**Ой шақыру: 1. «Түрткі сұрақтар»**<br>**1.** *Оқушылар, кімнің* | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>**2 мин.**<br><br><br>**Миға шабуыл**<br>**4 мин.** | *шығармаларымен танысудамыз?*<br>**2.** *Ыбырай Алтынсарин кім?*<br>**3.** *«Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі төл туынды ма, әлде аударма ма?*<br>**4.** *Еңбекқор адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек?*<br>**5.** *Жазушы шығармаларының тақырыбы қандай?*<br>**6.** *Әңгіменің басты кейіпкері кім?*<br>**Мағынаны тану**<br>**1.** *Әңгіме деп қандай шығарманы айтамыз?*<br>**2.** *Ыбырайды не себепті балалар әдебиетінің атасы дейміз?*<br>**3.** *Ыбырай әңгімелерінің тәрбиелік мәні қандай?*<br><br>*Оқушыларға жаңа сабақтың тақырыбы мен сабақ мақсаты таныстырылады.* | Өлең жолдары жазылған қиындылар |



| | | |
|---|---|---|
| **10 мин.** | **Топтық жұмыс. «Суреттер сөйлейді» әдісі**<br>Берілген суреттерді әңгімемен салыстыру.<br>**Дескриптор:**<br>**1.** Суретті әңгімедегі кейіпкерлердің іс-әрекетімен салыстырады.<br>**2.** Кейіпкерлердің қасиеттерін шынайы өмірмен байланыстырады.<br>**3.** Кейіпкердің іс-әрекетіне нақты 1 дәлел айтады.<br> <br> <br>  | Суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| **3 мин.** | **«Бір сөзбен» әдісі.**<br>Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен 3 сөзді таңдап айтады.<br>Төзімсіздік, қуаныш, немқұрайлылық, қанағаттану, шабыт, зерігу, алаңдау, тыныштық, сенімділік, белсенділік, ұйымшылдық, уақыт.<br>Сөздік жұмысы. **«Сөздер қобдишасы» әдісі**<br>Оқушылар қобдишаға енетін сөздермен танысып, дәптерлеріне жазады.<br>*Версаль – Франциядағы қала атауы;*<br>*Тіленші – қайыр сұрайтын адам;*<br>*Франк – Францияның ақша атауы;*<br>*Брюссель – Бельгия мемлекетінің астанасы;*<br>*Приказчик – қожайынның тапсырмалары мен бұйрықтарын орындаушы қызметкер.* | **Қобди-шаның суреті** |
| **5 мин.** | **Жұптық жұмыс. «Көршіңмен сырлас» ойыны**<br>Екі жұп бір-біріне екі сұрақтан жасырады. Қойылған сұрақты жұп-жұбымен ауыстырып, | |



| | | |
|---|---|---|
| | сұраққа жауап жазады.<br>**Дескриптор:**<br>**1 .** Жұпталған оқушылар бір-біріне сұрақ қояды.<br>**2.** Сұрақтардың жауабын қағаз бетіне түсіреді.<br>**Өзара бағалау.**<br>***1 – қызықты;***<br>***2 – маңызды;***<br>***3 – ұсыныс.***<br>**1-топ:**<br>*Әңгімедегі жалқаулық пен еңбекқорлықты салыстыра отырып, қарама-қарсы суреттеулерді табыңыз.*<br>**Жалқаулық Еңбекқор**<br>**2-топ:**<br>*Шығармада қарама-қарсы мәнде суреттелген ұғымдарды тауып, салыстырыңыз, ұғымдарға сай мақал ойлап, мағынасын ашып жазыңыз.* | |

| Қарама- қарсы ұғымдар | Мақал-мәтелдер | Мағына-сын ашу |
|---|---|---|
| Еңбекқорлық, еңбексүйгіштік-жалқаулық, еріншектік, бай-кедей | **1. Жалқаудың жаны тәтті**<br>**2. Еріншектің ертеңі бітпес**<br>**3. Байлықтың көзі еңбекте** | |

Интер-активті тақта

**Жеке жұмыс. «- + !» әдісі**

**1 - тапсырма. Әңгімедегі оқиғалар бойынша кестені толтырады.**

| Кейіпкердің іс-әрекеті | Келісемін | Келіспеймін | Ерекше пікір айтамын |
|---|---|---|---|
| | | | |

**Дескриптор:**

**1.** *Шығарма туралы өз ойын еркін жаза алады.*

**2.** *Ішкі ойын кестеге жазады.*

**«Үш орындық»**

**1-орындық:** *Мені әсерге қалдырды?*

**2-орындық:** *Мен үшін түсініксіз?*

**3-орындық:** *Менің айтарым...*

**«5 минуттық эссе» әдіс**

**«Ақылдылар» тобына: Еңбектегі әр минут – бір несібе.**

**«Білімділер» тобына: Байлық – қанағат пен еңбекте.**

**Дескриптор:**

**1.** *Оқушы 30-40 сөзден тұратын эссе жазады.*

**2.** *Теңеу сөздер мен мақал-*



| | | |
|---|---|---|
| | *мәтелдер қолданады.*<br>**3.** *Кейіпкер туралы өзіндік пікірін білдіреді.*<br>**4.** *Кейіпкердің бойынан өзіне үлгі болатын қасиеттерді тұжырымдайды.* | |
| **Сабақтың соңы**<br>**2 мин.** | **Кері байланыс. «БҒҮ» әдісі** бойынша парақшаларды толық орындатып жинап алу<br>**Үйге тапсырма. 7, 8 – тапсырма.** | |

| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| **1.** *Топтық, жұптық жұмыстар арқылы оқушыларға өзара қолдау, көмек көрсету* | **1.** *Оқушылардың қажетті білімдерін білу мақсатында ашық сұрақтар беріледі.* | |

| | |
|---|---|
| *жүзеге асырылады.*<br>**2.***Барлық оқушыларға шығармадан қысқаша үзінділер беріледі.* | **2.***Топтық жұмыс арқылы оқушылардың бірлескен әрекетін бақылау, өзара 1,2,3 саны және үш орындық арқылы жетістіктерін айқындау.*<br>***3.*** *Кері байланыс (ауызша)*<br>***4.*** *Дайын үлгі жауап*<br>***5.*** *Әр оқушының ОМ жеткендігін анықтау үшін бағалау критерийлері мен дескрипторлар қолдану.*<br>***5.*** *«ББҮ» әдісі бойынша кері байланыс жүреді.* |
| **Рефлексия**<br>*Сабақ \оқу мақсаттары шынайы ма?*<br>*Бүгін оқушылар не білді?*<br>*Сыныптағы ахуал қандай болды?*<br>*Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?*<br>*Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?*<br>*Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?* | |



| |
|---|
| **Қорытынды бағамдау**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>**1:**<br>**2:**<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>**1:**<br>**2:**<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? |

Сындарлы оқыту теориясы оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа сыныптағы дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және құрбыларынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Құзырлы оқытудың маңызды факторы – оқушының тақырып мәнін өз бетімен меңгеруін мұғалімнің түсінуі мен бағалай алуы. Елбасымыздың бүгінгі таңдағы сындарлы саясатының бірі – заман ағысына қарсы жүзер, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. Өткізген сабақтарымның нәтижесінде оқушылар бойындағы сыни ойлау, сынды айта білу және оны көтере білу секілді мәселелердің шешімін таптым деп ойлаймын. Сондай-ақ оқытудың

жаңа әдістерін іс-тәжірибеме енгізу нәтижесі оқушылар бойында мынадай қасиеттерді қалыптастыруға болатынын байқатты:

• *әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді;*

• *бір-бірінің пікірлерін қабылдауға үйренеді;*

• *ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді, өзіне белгіліні пайдалана алады;*

• *өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі.*

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сыни тұрғыдан ойлауға үйрету барысында мынадай қорытындыға келдім:

***1.*** *Оқушы өмірге деген өз ойын білдіру мүмкіншілігін біледі.*

***2.*** *Жаңа білім бойынша өз жобалары, болжамдарын тыңдап, талқылауды үйренеді.*

***3.*** *Білімді өз бетімен алуға деген ынтасы, шығармашылық жұмыстарға қабілеті, танымдық белсенділігі артады.*

***4.*** *Білім дәрежесі деңгейін саралау, өзіндік талдау, бағалауының деңгейі қалыптасады.*

***5.*** *Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуге дағдыланады.*

***6.*** *Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және*



*өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді.*

***7.*** *Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлермен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.*

Осындай сабақтар барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мұндай сабақтарда оқудың қызықты әрі жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын түсінді. Сыни ойлауға үйретудің, АКТ, диалогтік оқытудың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, болашақта әріптестеріме де осындай жаңа әрі қызықты идеялардың тууына мүмкіншілік беретін әдістерді өз сабақтарына енгізуге ұсыныс білдіремін.

Қорыта келгенде, еліміздің болашағы – жастар. Педагог қызметкерлер білім беруде негізгі тұлға болғандықтан, жаңа әдіс-тәсілдер арқылы баланың білімін арттыруы қажет. Мұғалім мен оқушы арасында диалогтік қарым-қатынас орнатылса, сабақта сыни тұрғысынан

ойланатын түрлі деңгейлік тапсырмалар берілсе, жаңа әдіс-тәсілдер көбірек қолданылса, нұр үстіне нұр болар еді. «Асыл – тастан, ақыл – жастан шығады» демекші, баланың білім алуына жеті модульді қолдана отырып, алдағы уақытта өз іс-тәжірибемде жүзеге асырамын деген ойдамын. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. «Сындарлы оқыту теориясының гуманитарлық пәндерді оқытуда тиімділігі зор. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі әдістерді қолданып,өз шеберлігін таныту қажет. Сыни тұрғыдан ойлау – сынау емес, шыңдалған шығармашылық ой.



**Б. Т. БАЗАРҒАЛИЕВА,**
**Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
Ақтөбе қаласы

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА САБАҚ САПАСЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАДАМДАР

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Еліміздің алдағы ұзақ мерзімді дамудағы басым бағыттардың бірі – білім мен ғылымды дамыту болмақ. Білім сапасының кепілі – мұғалімнің кәсіби дайындығы мен шеберлігі. Мұғалім білімнің тек дара көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық қызметінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Өз жұмысында мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламаларын басшылыққа алады. Оқу бағдарламасы ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда белгілі бір бөлім/бөлімше аясында қамтылуға тиісті тақырыптар мен оқу мақсаттары көрсетілген. Ұзақ мерзімді жоспар күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуге негіз болып табылады. Орта мерзімді жоспарда оқу бағдарламасында ұсынылған оқу мақсаттары, сондай-ақ осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мұғалім мен оқушыларға ұсынылатын жаттығу түрлері, ресурс үлгілері ұсынылады. Оқу бағдарламасымен салыстырғанда, оқу жоспарындағы орта мерзімді жоспарлар ұсынымдық сипаттағы құжат.

Сабақты жоспарлауды бастағанда, мұғалім бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсатына сәйкес келуі керек,



бірақ оқу мақсаттарының барлық тармақтарын қамтымауы мүмкін. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында оқушылардың сабақ соңында не істей алу керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстау керек. Бұл:

– *сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға;*

– *сабақты жоспарлауды жеңілдетуге;*

– *оқуды бағалауды жеңілдетуге;*

– *оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі.*

Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Т и і м д і оқытуды жоспарлауда бірқатар мәселелерді ескерген жөн:

– Сабақта көптеген жаттығу түрлерін жоспарлауға тырысу қажет. Әдетте, баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек.

– Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Бұл оқушыларға жаңа

жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді. Стиггинстің айтуы бойынша, сабақта қалыптастырушы бағалау тәсілдерін қадамдар бойынша жүргізу оқушылардың өзін-өзі реттеуі мен өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамытады.

**Алғашқы екі қадам оқушының қайда бағыт алғандығын сезінуге мүмкіндік береді:**

***Бірінші қадам*** – *оқушыларға оқу мақсатын түсінуге немесе айқындауға мүмкіндік беру.*

***Екінші қадам*** – үздік немесе нашар жұмыстардың моделін, мысалдарын көрсету («Кейбір мәселелердің қалай алдын алуға болады?», «Сапалы жұмыстың ерекшелігі қандай?»).

**Келесі екі қадам оқушының дәл осы мезетте неге қол жеткізгендігін белгілейді:**

***Үшінші қадам*** – *оқушының өз жұмысына сипаттамалық кері байланыс жазуын әдетке айналдыру («Менің жұмысымның артықшылығы неде?», «Нені жалғастыруым қажет?», «Нені дұрыс жасамадым?».)*

***Төртінші қадам*** – *оқушының өзін-өзі бағалауға және мақсат қоя білуге баулу («Қолымнан не келмей жатыр?», «Нені жетілдіруім қажет?», «Олқылықты қалай жоюыма болады?»).*

**Келесі үш қадам кемшілікті жою және қатемен жұмысқа бағытталады.**

***Бесінші қадам*** – *қате жіберілген белгілі бір оқу аспектісіне немесе оқу мақсатына қайта тоқталыңыз. Бұл қадам аясында оқушыға қолдау көрсетіліп, оқу мақсатына жетуіне ықпал етететін жұмыстар жүргізіледі.*

***Алтыншы қадам*** – *Оқушыны қайталауға үйрету («Қайталау – оқу анасы» қағидатын ұстану).*

***Жетінші қадам*** – *Оқушыны өзін-өзі тексеруге, өзін-өзі бағалауға баулу, оларға нәтижені сараптауға, бөлісуге мүмкіндік беріңіз.*

Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы керек. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс. Сабақта бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін белсенді қолдану тиімді болады.

**Сонымен, мұғалім сабақтың құрылымдаған жоспарын жасағанда:**

- *оқу мақсаттарын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;*

- *сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөліктерін қамтуы;*
- *логикалық жағынан реттелген, оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар бойынша толық ақпарат ұсынуы;*
- *мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы;*
- *қажетті материалдар мен ресурстарды пайдалануды ескергені жөн.*

Сонда ғана мұғалім алдында отырған оқушының білімге құштарлығын арттыра алып, пайдалы, өзіне қажетті істермен шұғылдануына, өмірден өз орынын анықтауына барынша үлес қоса алады. Білім беруде оқыту мен оқу өзара тығыз байланысты үдеріс екенін түсіну маңызды.

Сабақ сапасын арттыру мүмкіндігі артады. Сапалы сабаққа қол жеткізуде мұғалімдер ізденісіне негіз болатын келесі жұмыс бағыты – сабақты зерттеу. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мұғалімнің зерттеушілік мәдениетінің дамуына да ерекше назар аударылуда. Педагог мәртебесін арттыруға бағытталған жаңа аттестация педагог бойында



зерттеушілік мәдениеттің қалыптасуын көздейді.

Ақтөбе «Білім-инновация» лицейінде мұғалімдердің өз тәжірибесін зерттеу негізінде жүргізіп, сабақты зерттеу арқылы оқыту мен бағалаудың тиімділігін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Әдістемелік жұмыс аясында педагогтің кәсіби дамуына ықпал ететін тәсілдер қарастырылған. Сабақты зерттеуді класта анықталған өзекті мәселе бойынша бірлестік мұғалімдерінің тобы жүргізеді. Зерттеу соңында сабақ сапасын арттыруға бағытталған деректер зерттеу нәтижесін растауы немесе растамауы талданады. Сабақтың сапасы зерттеудің жүргізілу деңгейімен айқындалса, зерттеудің сапасы зерттеу сұрағын дұрыс таңдаумен байланысты. Білім-инновация лицейінде бірлестік мұғалімдерінің сабақты зерттеу сұрақтары төмендегі үлгіде тұжырымдалды.

**Ендеше, сабақ барысын мұғалімдердің табысты етуіне көмектесетін бірқатар элементтер бар екендігін айта кеткен жөн. Олар мұғалімдердің:**

- *оқушылардың қателік жіберуге қорықпай, тәуекелге бару мәдениетін қолдайды;*
- *оқушыларға өз жұмысының сапасын бағалау тәсілдерін ойлап табуға көмектесу мақсатында барлық оқушылармен қарым-*

*қатынас жасайды;*

- *оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін оқу мақсаттарын белгілеу арқылы, мақсатқа жетуді бақылау және оқытуды түзету арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді;*
- *әртүрлі оқушылардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқушылардың түсінуін бағалау тәсілдері мен оқытудың әртүрлі әдістерін үйлестіре қолданады;*
- *оқушылардың жұмыстары туралы ауызша және жазбаша кері байланыс ұсынады, бұл кері байланыс уақтылы, айқын болып, нақты критерийлерге негізделеді.*

Қазіргі заман талабы мұғалімнің имиджін жетілдіруді – мұғалімнің әдістемесін жаңғыртуды, жаңаша сабақ беруді талап етеді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың *«Біз осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз инновациялық экономика құра алмаймыз»* деген сөзі ертеңгі елді, келешек еңбеккерді қалыптастыратын мұғалім – ұстаздың ерен еңбегін танытады. Халықты кемелдікке бастар жолды іздеген дана Абай рухы мықты, жігері күшті, ұстанымы нық ұстаздан білім алған шәкірт болашақ өмір жолында



бағытынан таймайтындығын өсиет еткен. Жаңартылған бағдарлама мұғалімнің дәстүрлі құндылықтарының да – оқушыларға бейімделген құндылықтар, яғни барлық оқушылардың білім алуға қабілеті бар деген сенім; мұғалімнің кәсіби бейнесіне бағытталған құндылықтар: кәсіби стандарттарды ұстану және құзыреттілікті қолдау, мұғалім қауымдастығының беделін түсірмеу; өз кәсібіне және қоғамға қызмет ету құндылықтары: мұғалімдердің белсенді әріптестігі және олардың әлеуметтік жауапкершілігінің – жаңаруын көздейді. Табысқа жетуді мақсат етсек – ұлттық дәстүрді, бұрыннан қалыптасқан педагогикалық идеяларды жаңалықпен ұштастыру арқылы шығармашылықпен синтездеу маңыздылығы сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Басшы орынбасарына арналғын Нұсқаулық», 2015 жыл. «Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ, «Педагогикалық шеберлік орталығы», Астана қаласы. info@cpm.kz
2. Чичибу Т. Сабақты зерттеу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық: ағылш.- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013
3. «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепішілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы.

**ШАХАМАНОВА Г.С.**
**№167 жалпы білім беретін**
**мектептің қазақ тілі мен**
**әдебиеті пәнінің мұғалмі.**
Алматы қаласы

# ОҚУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ МАҚСАТЫНДА САБАҚТЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ МОДУЛІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Мұғалімнің міндеті – баланың өзіне деген сенімін арттыру, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу. Өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады. Білім берудің сапасын жақсарту, баланың өзі ізденіп дәлелдеуін дамыту мақсатында сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін өз сабақтарымда қолданамын. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Мұғалім оқыту мен тәрбиелеу ісін ұйымдастырушы ғана емес, балаға серік, дос, сырлас, кеңесші қызметін де атқарады. Нәтижесінде жеке тұлғаның өзіндік пікірі, қоршаған ортасына құрметпен



қарау көзқарасы қалыптасып, таным, қабілеті ашылады. Сын тұрғысынан ойлау – ең алдымен, шығармашылық ойлау. Шығармашылық сөзінің төркіні «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді.

Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған ой дегенге саяды. ***Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасы –*** *оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.* Бұл бағдарламаны басшылыққа алғалы бері оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, өз бетінше шығармашылықпен іздenуге бейімделгені байқалады. Оқытуда «Жұпта талқылау», «Инсерт» стратегияларын қолдану арқылы балалар өз беттерінше тұжырым жасауға, ойларын еркін жеткізуге, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білуге тырысады. Постер қорғауда сенімділік ұялатса, «РАФТ» стратегиясы арқылы оқушыларды тереңнен салыстыра ойлануға жетелейді. Блум өлшемдері арқылы қабілетті оқушылар жұмыс істеуге, бірлесе жұмыс жүргізуге дағдыланады.

Сабақ барысында оқушылар INSERT картасы, Венн диаграммасы, концептуалдық кесте толтыру стратегиялары арқылы мәтіннен өзіне қажеттісін тауып, қолдана білуге, семантикалық карта өз ойын әрқашан дәлелдей білуге, «Венн диаграммасы»

арқылы салыстырып, талдау жасай алуға бейімделеді. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың тиісті деңгейде өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізуге білу дағдылары белгілі бір деңгейде қалыптасты деп айтуға болады. Осы стратегия арқылы көп нәтижеге жетуге болады. Оқушылар ойланады, ізденеді, бірін-бірі түсінуіне мүмкіндік туады, жұппен жұмыс істеуге үйренеді. Ой түю арқылы керекті дәйектермен іздеп таба біледі, оны пайдалана білуге үйренеді. Сапалы оқыту мұғалім бейнесімен танылатын сан-алуан элементтер арасындағы байланыс, бұл белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалған кез¬де жүзеге асырылады. Сапалы оқыту оқушылардың, қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады. Әрбір сабақтарда сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары жоғары білім нәтижесін көрсетеді. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы дайын білімді қайталап айту емес, оны өз белсенділіктері бойынша алуға тәрбиелейді. Оқушылар өзіндік жұмысына мақсатты бағдарлар, айқын міндеттер қоя білуге үйренеді. Бұл оқушының сыни тұрғысынан ойы дамып, өзіндік пікірінің қалыптасуында, өз ойын еркін, тиянақты жеткізе білуіне ықпалын тигізеді.



Сыныпта жағымды психологиялық жағдай қалыптасып, өзара ынтымақтастықта, жұмысты топпен жұмыла орындауға дағдыланады. Қазіргі заман талабына сай оқушы мектепте алған білімін өмірде қолдана білуі маңызды. Елімізге қызмет ету үшін оқушылар білімді, ақпараттық технологияларды қолдана алатын, өмірде кездесетін проблемаларды шешуге бейімделген тұлға болуы тиіс. Бұл технологияның тиімділігі, оқушы мұғалімнің бағыт-бағдар беруі арқылы өз бетімен ізденіп, жаңа мәліметтер алып, еңбектену арқылы игереді

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты рөл атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады.Технологияның негізін қалаушылар

американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Кезінде жоба ретінде ұсынылып, көпшіліктің қолдауын тапқан бұл технологияда Выготский, Пиаже, Эльконин-Давыдовтардың, басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктірілген іспетті.

Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтамасыз етеді. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің да сыни тұрғыдан дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрену, ақпаратты өз бетінше ізденуге бағыттау,ой қорытуға дағдылану. Сыни тұрғыда ойлау Бағдарламаның өн бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сыни тұрғыда ойлауын дамыту және мұғалімдердің сыни тұрғыда ойлауын дамыту. Бағдарлама өзара бұл байланысты бұл үдерістердің екеуін де дамытуды қарастырады. Оқушыларға қатысты сыни тұрғыдан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және



бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қамтиды.

Орта білім беру жүйесінің іргетасы бастауыш сыныптарда қаланады. Бұл – үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы маңызды сатысы.

Озық ойлы, тапқыр да, нәзік сезімтал, пайымды шәкірттердің іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп, бағыт -бағдар беру, ой-өрісін дамытатындай логикалық ойтастау әрбір ұстаздың міндеті. Біздің міндетіміз – дүниежүзіндегі жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, одан да жақсысын, тиімдісін ұсыну. Өйткені ғасырымызда барлық салада даму өте жедел жүзеге асуда. Әрине, дамудың негізі – білімде. Әр бала жас кезінен еркін ойлауға, алдына қойған істі жоспарлап, оны соңына дейін жеткізуге, кедергілерге қарсы тұруға бейімделгені жөн.Сондықтан да әр сабаққа оқушылардың әр мәселеге сыни көзқарасын қалыптастырып, оларды ашық, еркін сөйлеуге баулу – әр ұстаздың міндеті.
Мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, оқытудың жаңа әдіс — тәсілін қолдану сияқты мәселелерді басты міндетке қоя отырып, қазіргі заман талабына «Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» бағдарламасы бойынша алған білімімді оқытып жатқан сыныптарымда күнделікті қолдануға тырыстым.

Сабақ процесінде ең басты тұлға «ОҚУШЫ» екенін түсіндім.

Әрине,бұрынғы дәстүрлі әдістерге әбден қалыптасып қалған мұғалімге өзінің көзқарасын, философиясын оңай емес. Сын тұрғысынан ойлау әдісін топпен жұмыс істеуді қолдана отырып, оқушылардың ойын, еркін сөйлеуін, тілін дамытып, бір-бірін тыңдай білуге, өзінің де басқаның да жауабын сын тұрғысынан баға бере отырып, құрмет көрсетуге бағыт беремін. Мен осы бағдарламаның стратегияларын меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолдану барысында көптеген жетістіктерге жеттім.Осы бағдарлама бойынша атқарып жатқан тәжірибемді ортаға саламын.

***Сын тұрғысынан ойлау*** *– оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы.* Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

***1).*** *сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;*

***2).*** *оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;*

***3).*** *әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;*

***4).*** *үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;*

***5).*** *кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;*



***6).*** *оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;*

***7).*** *сын тұрғысынан ойлауды бағалау.*

***Ал оқушылардан осыған байланысты:***

*– сенімділікпен жұмыс жасау;*

*– бар ынтасымен оқуға берілу;*

*– пікірлерді тыңдау, құрметтеу;*

*– өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.*

***Тек сонда ғана олар:***

*– мен осы мәселе туралы не ойлаймын?*

*– осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?*

*– осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?*

*– маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті?* – деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сайып келгенде, *«Қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүюі шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек»* – деп, Ғабит Мүсіреповтің сөзімен аяқтағым келеді.

**А. С. БАЙМЫШОВА,**
**Ғ.Ақтаев атындағы**
**№ 6 орта мектебі.**
Ақтөбе қаласы

# РАСУЛ ҒАМЗАТОВ «АНА ТІЛІ» ӨЛЕҢІ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | **6.1.2.1** Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік –қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылардың барлығы орындай алады:**<br>**1.** «Ана тілі» өлеңінде көтерілген әлеуметтік – қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіреді. |
| | **Оқушылардың көбісі орындай алады:**<br>**1.** «Ана тілі» өлеңінде көтерілген екі әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіреді. |
| | **Оқушылардың кейбіреуі орындай алады:**<br>**1.** «Ана тілі» өлеңінде көтерілген әлеуметтік –қоғамдық мәселені идеясы арқылы үш-төрт мысалмен түсіндіреді. |



| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийі** | • Әлеуметтік-қоғамдық мәселені табады.<br>• Идеясын анықтайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>ассамблея, авар, асау. |
| **Құндылықтарға баулу** | Қазақстандық Отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік. Өз Отанына, ана тіліне деген мақтаныш сезімін, ұлттық қоғамдастықтарда өз орнын көре білу сезімін қалыптастырады. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Ана тілі туралы түсініктері бар, өзге ақындардың тіл туралы өлеңдерін біледі. |

| **Сабақ барысы** | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурс-тар** |
| **Сабақтың басы 3 мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Ширату: «Ассоциация» әдісі.**<br>**Жер**<br>**Жұмыс**<br>**Тіл**<br>**Білім**<br>**Қоғам**<br>**Мәдениет**<br>*Әлеуметтік қоғамдық мәселелерге не жатады?* | Кесте-мен жұмыс «Ассо-циа-ция» әдісі |

**Диалог арқылы саралау жүргізіледі.**

*- Сонымен Р.Гамзатов осылардың қайсысын сөз етеді?*

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашады.

**Сабақтың ортасы**

**10мин.**

Оқушыларға өлеңнен үзінділер беріледі.Сол өлең шумақтарынан шығармадағы кейіпкер идеясын, көтерілген әлеуметтік мәселені оқушылар табады.

**«Үш жақты күнделік» әдісі**

| **Өлеңнен үзінді** | **Неге ұнады? Қандай әсер қалдырды?** | **Сұрақтар** |
|---|---|---|
| **Ана тілі ұлы менің өзіме. Махмұт жырын оқу үшін жастауын Күтем әлде аударуын басқаның Мен болдым ба ең соңғы ақын бүгінде** | **Кейіпкер өлең жолдары арқылы ана тілдің құдіретін ұғындырады. Ерекше әсер қалдырды.** | **Өлеңде қандай мәселе көтерілген?** |
| **Мен сүйемін планетаның барлығын Өзен тауын, әр гүлі мен әр қырын Мен сүйемін бұл елімнің гүлін де Әлім шолы айттым алар тілінде** | **Кейіпкер елін, жерін сүйетін нағыз ұлтшыл авар халқының патриот ақыны.** | **Өлең арқылы кейіпкер ана тілдің маңыздылығы жайында қалай сөз қозғайды?.** |



| | | |
|---|---|---|
| **Қымбат маған елімнің бар даласы Балтық пенен Сахалиннің арасы Қайда болсын қия маған жанымды Туған жерден қазсын бірақ қабірді.** | **Ақынның туған жеріне деген адалдық сезімін үлгі етемін.** | **Автор ана тілдің қадірі жайлы өз ойын қалай жеткізген?** |

**«Үш жақты күнделік» әдісі**

**Кестемен жұмыс**

**Дескриптор**

*- шығармадан кейіпкер идеясын ашады.*

*- көтерілген әлеуметтік тіл мәселесін табады.*

**Қалыптастырушы бағалау.**

**«Сөзді тап » әдісі.**

*Тақырыпқа қатысты түйінді сөздер жазылған қағаз қиындылары беріледі.Бір оқушы қиынды қағазды алып, бір минутта сөзді атамай сипаттап түсіндіруі керек.*

**Мысалы:** Бір оқушы сөзді тапқаннан кейін келесі оқушы жалғастырады. Берілетін сөздер: ақын, патриот, ұлтшыл.

**Мұғалім бағалауы. Кері байланыс.**

Тапсырмаға байланысты мұғалім оқушылардың тақырыпты қалай игергендігін бағалау үшін **«Бағдаршам» әдісін қолданады.**

| | | |
|---|---|---|
| **6 мин.** | <br><br>*Қызыл түсті көрсетсе -* ***Маған қызықты болды.***<br>*Сары түсті көрсетсе -* ***Маған қиындау болды.***<br>*Жасыл түсті көрсетсе -* ***Менің көп білгім келеді.***<br>**«Өз ұстанымыңды айқында» әдісі** бойынша сынып бөлмесі қабырғаларының әр жеріне **«Қолдаймын» , «Қарсымын» «Мен үшін бұл күрделі сұрақ»** деген сөздер жазылған плакаттар ілінеді. Оқушылар пікірталас бойынша өз ұстанымдарын анықтайды. Оқушыларға сұрақтар қойылады.Тіл туралы қандай өлеңдер білесіңдер? Оқушылар жауап береді.<br>***Мысалы: М.Жұмабаев «Қазақ тілі» өлеңі;***<br>***М.Шаханов «Рух пен тіл» өлеңі;***<br>***Қ.Мырзалиев «Ана тілің – арың бұл» өлеңі.***<br>*Ана тілің-арың бұл,*<br>*Ұятың боп тұр бетте.*<br>*Өзге тілдің бәрін біл,*<br>*Өз тіліңді құрметте.* | «Өз ұстанымыңды айқында» әдісі |



| | | |
|---|---|---|
| **4 мин.**<br><br><br><br><br>**2 мин.** | Өлең жолдарынан әр бір оқушы өздерінің ана тілі жайлы ой-пікірлерін **«Қолдаймын», «Қарсымын» «Мен үшін бұл күрделі сұрақ» әдісі** бойынша талдау жасап, өз дәлелдемелерін ұсынады.<br>***Қолдаймын*** *– ана тілінің қазіргі таңда мәртебесі жоғары болып, өзге ұлт өкілдері үйреніп жатыр.*<br>***Қарсымын*** *– өз тіліңді білмесең де, өзге тілді жақсы меңгеруді.*<br>***Мен үшін бұл күрделі сұрақ*** *– қазіргі таңда ұлтаралық байланыс дамыған кезде әр ұлт өз тілін білуі қажет, сонымен қатар ресми және мемлекеттік тілді білуге міндетті.*<br>***Мұғалім түсіндірмесі:*** – Халық бар жерде – тіл бар. Тіл бар жерде – өнер бар. Өнер бар жерде – жанкүйер бар. Әр халықтың ана тілі – оның бақыты, оның қуанышы.<br>- Туған тілін мақтан ету, оны таза сақтау, оның өрлеп, өсе түсуіне еңбек сіңіру – әрбір қазақ отбасының міндеті.<br>- Халықтың қуаты – тілдің қуаты. Біз ана тілімізді ең айтқыш, ең білгір ең бай тілдердің біріне айналдыруымыз керек. | |

| | | |
|---|---|---|
| **2 мин.** | **Қалыптастырушы бағалау.**<br>**«Допты лақтыру» әдісі**<br>Мұғалім доп лақтырып сұрақ қояды, допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді.<br>**Мысалы: Сұрақтар:** – Қазіргі таңда ана тілінің қоғамда алатын өзіндік орны қандай?<br>– Өзге ұлт өкілдерінің ана тілін үйренуге деген мүмкіндігі қандай?<br><br>**Мұғалім бағалауы. Кері байланыс.**<br>**«Бес бармақ» әдісі.** Оқушының бір-біріне бес саусақтай бірігуіне ықпал ету. Балалар параққа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:<br>**«Бас бармақ» - басты мәселе.**<br>*– Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?*<br>**«Балалы үйрек» - бірлесу.**<br>*– Қалай жұмыс жасадым,* | |



| | | |
|---|---|---|
| **2 мин.** | *кімге көмек бердім,?*<br>**«Ортан терек» - ойлану.** – *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*<br>**«Шылдыр шүмек» - шынайылық.**<br>*– Сабақ маған ұнады. Неліктен?*<br>**«Кішкентай бөбек» - көңіл-күй ахуалы.**<br>*– Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?* | **«Бес бармақ» әдісі** |
| **Сабақ-тың соңы 3 мин.** | *Өлеңдегі негізгі мәселені анықтап,* **«Тіл мәселесі - өте өткір мәселе» деген тақырыпта** *ПОПС формуласын толтыруға тапсырма беріледі.*<br><br>***1.*** *Менің ойымша, «Ертең тілім құритын болса, мен бүгін-ақ өлуге дайынмын» деген авар жұртының әлемге танылған даңқты ақыны – нағыз тіл жанашыры.*<br>***2.*** *Себебі, мен оны былай түсіндіремін, «Тілін білмеген - мәңгүрт». Себебі өзге тілден бұрын адам өз тілін біліп, құрметтеуі керек.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***3.*** *Мысалы, Р.Гамзатов:*<br>*Мен жаныммен сүйем осы тілімді,*<br>*Кедей деп ақ айта берсін білімді.*<br>*Ассамблеяда естілмесін үні де,*<br>*Ана тілі ұлы менің өзіме - деген өлең жолдарынан ақынның тілді ерекше құрметтеуін көреміз.*<br>***4.*** *Осыған байланысты, мен мынадай шешімге келдім, тіл мәселесі үнемі көп көңіл бөліп отыруды талап ететін – өте маңызды, өткір мәселе екенін түсіндім.*<br>**Дескриптор**<br>-шығарманың идеясын ашады;<br>- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсінідіреді;<br>- өзіндік көзқарасын білдіреді.<br>**Оқушының рефлексиясы «Аяқталмаған сөйлем» әдісі**<br>Менде бәрі сәтті шықты, себебі ана тілі туралы көп | **«Аяқтал-маған сөйлем» әдісі** |



| | | |
|---|---|---|
| | мәліметпен таныстым.<br>Мен үйрендім, сұрақтарға жауап беруді, өз ойымды еркін жеткізуді үйрендім.<br>Сабақта кесте толтыруды, өзіндік көзқарасты білдіруді үйрендім және орындай алдым.<br>Бәрінен маған ұнағаны сабақта өз пікірлерімізді айтып, бірлесе жұмыс жасағанымыз. | |

| **Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырма-лар бересіз?** | **– Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техника-сын сақтау.** |
|---|---|---|
| Сабақ барысында мынадай саралау түрлерін қолдандым.<br>**1. ПОПС әдісі бойынша** | **1.** Оқушының оқу мақсатына жеткендігін анықтау үшін оқушылар бағалау критерийлері мен дескриптор қолданылды. | Денсаулық сақтау технология-лары |

| | | |
|---|---|---|
| **«Нәтиже немесе Жауап бойынша» саралау әдісі** жүзеге асты. Себебі бірдей тапсырма берілгенмен жауап әртүрлі болды. **2.** Осы саралау барысында оқушыларға бірдей тапсырма берілді, әр оқушы өз деңгейінде жауап беріп, жүргізілген жұмыс түрлері әр түрлі болды. | **2.**Қалыптастырушы бағалау жүзеге асты. | Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолдану. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары. Оқушының партада дұрыс отыруы қадағаланды. |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия** Сабақ мақсаттары / оқу мақсаттары қолжетімді ма? Оқушылар бүгін не үйренді? Сабақтағы ахуал қандай болды? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? Уақыт есебінен ауытқу болды ма? Жоспарға қандай өзгеріс енгізілді? | Сабақ мақсатына жетті деп ойлаймын. Оқушылар бүгінгі сабақта кестемен жұмыс жасауды үйренді. Сабақтағы ахуал бірқалыпты болды. Жоспарланған саралау іске асты деп ойлаймын. Уақыт есебінен ауытқу болған жоқ. Жоспарға өзгеріс енгізілген жоқ. |



**К.М. ТАСМАҒАМБЕТОВА,**
**«Талап мектеп-бөбекжай» кешені»**
БҚО.
Ақжайық ауданы,
Құрайлысай ауылы

# “КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ” ЕРТЕГІСІ. КЕНДЕБАЙДЫҢ ЕРЛІКТЕРІ

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты** | **Т. Ж. 3.** Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Ертегідегі негізгі кейіпкерлердің портретін жинақтайды. **Оқушылардың көпшілігі:** Кейіпкердің образға қызмет етіп тұрған маңызды әрекеттерін талдайды. **Кейбір оқушылар:** Жинақталған ақпараттар негізінде кейіпкер образына қатысты өз көзқарасын білдіреді. |
| **Бағалау критерийлері** | **1.** Үзінділер арқылы кейіпкерлерді анықтап, образды суреттеп, сипаттау. **2.** Портретке қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдерді анықтайды. **3.** Маңызды әрекеттер негізінде кейіпкердің образын ашады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге қатысты терминдер:** портрет, сюжет, образ, көркем образ. | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Қолдану, бағалау. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиет пен көркемсурет. | |
| **Алдыңғы оқу** | Оқушылар ертегінің мазмұнын біледі. | |
| | **Сабақ барысы** | |
| **Сабақ сатылары** | **Сабақтағы жоспарланған әрекет** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы 5 мин.** | **Ұйымдастыру. «Шаттық шеңберін» құру.** Бір-біріне жақсылық тілеп, санамалап топтарға бөлінеді. **«Суретті әңгімеле» әдісі** бойынша ертегідегі бір кейіпкерді бейнелейтін сурет алынады. Оқушыларға сурет көрсетіледі және оның сипаттары | |



| | | |
|---|---|---|
| | сұралады. Суретте ертегі кейіпкерінің басынан өткен қандай оқиға бейнеленгені, келбеті түсіндіріледі. (Жуық жауаптар)  ***1.*** *Суреттен қай ертегінің кейіпкерін көріп тұрсың?* ***2.*** *Сенің ойыңша қиялдан туған кейіпкер қалай бейнеленеді?* ***3.*** *Кейіпкердің басынан өткен қандай оқиғаны суреттей аласың?* | **Ертегі кейіп-керінің суреті** |
| **Сабақтың ортасы** | Берілген үзінділер арқылы кейіпкерлерді анықтаңыз және образын суреттеп сипаттаңыз. Әр оқушы жеке, топпен жұмыс жасайды **1-тапсырма. Концептуалдық кесте** | **Концеп-туалдық кесте** |

**10 мин.**

| Кейіпкердің портреті мен іс әрекеті | Бұл кім? | Кейіпкердің образын өз сөзіңізбен суреттеп сипаттаңыз |
|---|---|---|
| 1.Сондай күшті болыпты: алысқанын алып ұрыпты, күрескенін жыға беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті. | Кендебай | Кендебай ай сайын емес күн сайын өседі. |
| Ой, оңбаған- ау, қырасың ғой малды. Күндегідей: «Айырылғырдың суы айырыл!» деп неге айтпайсың? | Ханның кіші қызы | Ханның қызы өзімшіл, қол астындағы адамдарға жекіп сөйлейді. |

Концептуалдық кесте

**Қ.б. «Бас бармақ» әдісі бойынша бағаланады**

**2- тапсырма.** Кестеге Кендебайдың кескін-келбетін бірінші бағанға, екінші бағанға ең маңызды 4 іс-әрекетін жазыңыз. Жеке және топтық жұмыс

Маркер
Оқулық

| Кендебайдың кескін-келбеті | Кендебайдың маңызды 4 әрекеті |
|---|---|
| Алып жігіт болыпты. Құралайды көзінен тигізген мерген. Кендебай ай сайын емес күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті. | 1. Кендебай алмас қанжармен биенің қарнын жарып, құлынын суырып алыпты. 2. - Олай болса жылама. Мен әке-шешеңді іздеп тауып берейін,- деп Кендебай жүріп кетеді. |



| | |
|---|---|
| | 3. Ақыры Кендебай алтын құйрықты құлынды тауып алып, аман- есен ханның үйіне қайтып келеді. 4. Кендебай Керқұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келіп, арыстанның азуын жеті басты дәудің көздерін ханның алдына қояды. |

**15 мин.**

**Дескриптор**

* Кендебайдың портретіне қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдерді анықтайды.

* Кендебайдың ең маңызды 4 әрекетін ажыратады.

**3-тапсырма.** Мәтіннен өзіңізге тиісті кейіпкердің сипаттауларын іздеп тауып портретін жинақтаңыз. Кейіпкердің ең маңызды әрекеттерін анықтаңыз. Жинақталған ақпараттар негізінде кейіпкер образына қатысты қорытынды жасаңыз (жұптарға бөліп орындау).

Флипчарт
А4 парақшалары

| | | |
|---|---|---|
| | **1-жұп** | **Кесте** |

| Кейіпкер | Ертегідегі портреті | Кейіпкердің ең маңызды 3 әрекеті | Кейіпкер образына қатысты көзқарасым |
|---|---|---|---|
| Кендебай | Торсық шеке, аппақ ұл ... | 1. Аң аулап, кедейлерді қарық қылыпты.<br>2.<br>3. | Кендебай алып күш иесі. Қайрымды, уәдеге берік жан |

**2-жұп**

| Кейіпкер | Ертегідегі портреті | Кейіпкердің ең маңызды 3 әрекеті | Кейіпкер образына қатысты көзқарасым |
|---|---|---|---|
| Керқұла | Аттың түсі керқұла болыпты. Құлын сағат сайын емес ... | 1. Құса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген жүйрік болыпты<br>2.<br>3. | Қиялдан туған, иесінің басына іс түскенде тіл бітіп, көмекке ұмтылады. Жолдағы кездескен қиыншылыққа төзіп иесімен бірге жеңіске жететін тұлпар. |

**Дескриптор**

* әр оқушы ертегіден өзіне тиісті кейіпкердің портретіне қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдерді анықтайды;
* әр оқушы кейіпкердің ең маңызды 3 әрекетін анықтайды;
* портрет пен маңызды әрекеттер негізінде кейіпкер образына қатысты өз пікірін 1 сөйлеммен жеткізеді.



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>**5 мин.** | **Бағалау.** Жұптаса отырып, өз пікірлерін айтып, сыныптастарын бағалайды. **«Гүлдер» әдісі** бойынша. Оқушыларға қағаздан қиылған үш түсті гүл үлестіріледі. Олар тапсырма бойынша жасыл түсті ең көп көмектескенге, сары гүлді сыпайы оқушыға, ал қызыл гүлді ең жақсы тыңдай білген балаға беруі керек. Ең үлкен гүл шоғы кімде болар екен?<br>**Үйге тапсырма.** Оқушыларға (өз қалаулары бойынша) тапсырмалар беру.<br>**«Мен жақсылықты қалай түсінемін»*<br>**«Егер мен ертекші болсам...»*<br>** «Ертегінің тақырыбына сай мақал-мәтелдерді жазып келу.»*<br><br>**Кері байланыс. Аяқталмаған сөйлем...**<br>***1.*** *Мен бүгін...*<br>***2.*** *Маған... ұнады.*<br>***3.*** *Біз бүгін... таныстық.*<br>***4.*** *Мен... үйрендім.*<br>**Оқушылар өздері сөйлемдерді аяқтап, стикермен іледі.** | **Стикер** |

| | |
|---|---|
| **РЕФЛЕКСИЯ**<br>*Сабақтың мақсаттары, оқу мақсаттары шынайы болды ма?*<br>*Оқушылар бүгін нені үйренді?*<br>*Сабақтағы көңіл күй қандай болды?*<br>*Менің дифференциациялық әдісім дұрыс жұмыс істеді ме?*<br>*Сабақтың барлық кезеңдерін берілген уақытта жүргіздім бе?*<br>*Мен өз жоспарыма қандай өзгерістер енгізуді қалар едім?* | *Сол жақ бағанадан өз сабағым туралы сұрақтарға жауап беремін.* |
| **Қорытынды баға**<br>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті?<br>(Сабақ беру туралы, үйрету туралы)<br>**1.**<br>**2.**<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартатын еді?<br>**1.**<br>**2.**<br>Мен сабақ барысында сынып және жекешелеген оқушылар туралы келесі сабаққа дайындалуыма көмектесетін қандай деректерді білдім. | |



**А. О. ҚҰРАЛБАЕВА,**
**М. Исламқұлов атындағы**
**жалпы орта мектебі.**
Түркістан облысы,
Ордабасы ауданы,
Шұбарсу ауылы

# М.ШАХАНОВ «НАРЫНҚҰМ ЗАУАЛЫ» ПОЭМАСЫ. ӘКЕ ҮКІМІ

*(Қысқа мерзімді жоспар)*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **7.2.3.1** шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау. |
| **Сабақ мақсаттары** | Шығармадағы көркемдегіш құралдарды әдіс-тәсілдер арқылы анықтау, сөз қолданысын талдау. |
| **Ойлау дағдылары** | **Жоғарғы деңгей дағдылары (талдау, жинақтау)** |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар:** Сәйкестендіру кестесі арқылы, шығармадағы үзіндіден алынған көркемдегіш құралдарды анықтау арқылы білімдерін жетілдіру. |
| | **Пәнге тән лексика мен терминдер:** әдіптеу, шомбал, зауал, ішік |

| | |
|---|---|
| | **Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:** *зұлымдық, жақсылық, қиыншылық, сатқындық,жек көру, ақынға деген махаббат, дала заңы, әке үкімі, әке сыншы.* |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>***1.**Көркемдегіш құралдар дегеніміз не?*<br>***2.** Олардың түрлерін ата?*<br>***3.**Жігіт неге Махамбетті өлтірді?*<br>***4.** Махамбет ішкі ой толғанысын қалай жеткізді?* |
| **Бағалау критерий** | Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды.<br>Көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшелігін талдайды. |
| **Құндылық-тарды дарыту** | **«Мәңгілік ел» жалпықоғамдық құндылығы:**<br>*- Тіл мен мәдениет;*<br>*- Өмір бойы білім алу;*<br>*- Топ мүшесі ретінде жүктелген жауапкершілікті сезіну;*<br>*- Топтық және жұптық жұмыста ынтымақтастықпен жұмыс жасау.* |



| | |
|---|---|
| | Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың топтаса және жеке отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу,өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Ноутбук, ұялы телефон |
| **Бастапқы білім** | Әке – балаға сыншы. |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдер** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы 6 мин.** | **Сәлемдесу**<br>**1.**Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. **«Ыстық алақан» әдісі** арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br>**2.** Кеспе қағаздарға жазылған мақалдардағы түсіп қалған сөз бойынша топқа бірігеді. | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***1-топ – «Намыс», 2-топ – «Ар», 3-топ – «Ұят».***<br>**3.** Оқу мақсатымен таныстыру.<br>**4.** Бағалау критерийлерімен таныстыру.<br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>**«Зымыран сұрақтар» әдісі** арқылы сабақ сұрау.<br>Шығарма мазмұнынан сұрақтар қойылады, оқушылар тез жауап беру керек.<br>***1.*** *Мұхтар Шаханов кім?*<br>***2.*** *Шығарманың тарихқа байланысы бар ма?*<br>***3.*** *Шығарманың басты кейіпкері кім?*<br>***4.*** *Оқиға қай жерде өтті?*<br>***5.*** *Шығарманың авторы кім?* | **Мақал-мәтел жазылған парақшалар** |



| | | |
|---|---|---|
| | ***6.*** *Әкесі баласына аяушылық танытты ма?*<br>***7.*** *Баласы істеген ісіне өкінді ме?*<br>***8.*** *Әкесі қандай үкім шығарды?*<br>***9.*** *Махамбетке сатқындық жасалды ма?*<br>***10.*** *Шығарма қай жанрда жазылған?*<br>**ҚБ. Бас бармақ** | **Қанатты сөздер**<br><br>**Суреттер** |
| **Сабақтың ортасы**<br>**3 мин.**<br><br>**6 мин.** | **Жаңа сабақ**<br>**Сабақтың дәйексөзі:**<br>*Махамбет есімі-өмірдің, қасіреттің синонимі, өмірдегі қасиеттің символы.*<br>***З. Қабдолов.***<br>*Ұят деген — адамның бойындағы адамшылығы.*<br>***А.Құнанбаев.***<br>**Ойқозғау**<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>***1.*** *Олардың түрлерін ата?* | |

<table>
<tr><td></td><td>

***2.** Жігіт неге Махамбетті өлтірді?*<br>
***3.** Махамбет ішкі ой толғанысын қалай жеткізді?*<br>
***4.**Көркемдегіш құралдар дегеніміз не?*<br>
***5.** Теңеу дегеніміз не?*<br>
***6.**Қайталау түрлерін ата.*<br>
*7. Ассонанс, аллитерация дегеніміз не?*<br>
**1-тапсырма**<br>
**Жеке жұмыс**<br>
**Жұптық жұмыс тапсырмасы: «Сәйкестендіру» әдісі** арқылы көркемдеу құралдарын ажыратады. Оқушы сәйкестендіріп болған соң, слайдтан дұрыс нұсқасы шығады. Оқушылар жұп-жұп болып, бірін-бірі тексереді.

<table>
<tr><td>Өлең басында бірдей сөздердің қайталануы.</td><td>Риторикалық сұрау</td></tr>
<tr><td>Ойды, сезімді жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен,сұрау түрінде айту.</td><td>Синекдоха</td></tr>
<tr><td>Өлең тармақтарының соңында бір сөздің не тіркестің қайталануы.</td><td>Анафора</td></tr>
</table>

</td><td></td></tr>
</table>



<table>
<tr><td></td><td>

<table>
<tr><td>Өлең тармақтарының бірдей дауыссыздан басталуы.</td><td>Ассонанс</td></tr>
<tr><td>Бүтіннің орнына бөлшекті немесе керісінше,жалқының орнына жалпыны немесе керісінше қолдану.</td><td>Аллите-рация</td></tr>
<tr><td>Құбылыстың қасиетін, сыр-сипатын бейнелеп, астарлап беру.</td><td>Символ</td></tr>
<tr><td>Адамның не заттың ерекше бір белгілерін айқындау.</td><td>Эпифора</td></tr>
<tr><td>Өлең тармақтарының бірдей дауыстыдан басталуы.</td><td>Эпитет</td></tr>
</table>

**Дескриптор**<br>
**Білім алушы**<br>
**1.** *Көркемдегіш құралдарды анықтайды.*<br>
**2.***Ұяшықтарды дұрыс сәйкестендіреді.*<br>
**ҚБ Смайликтер**<br>
**Кері байланыс Бір-біріне кері байланыс береді.**<br>
**Топтық жұмыс**<br>
**2-тапсырма.** Көркемдегіш құралдарды анықтаңдар. Қай топ көп табады, сол топ **«Алтын теңге» жеңімпазы атанады.**<br>
Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора,

</td><td>Сәйкес-тендіру кестесі</td></tr>
</table>

**16 мин.**

аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, т.б.) қолданысын талдаңдар.

| Мысалдар | Көркемдегіш құралдар | Қолданылудағы мәні |
|---|---|---|
| **Мына жолмен өткен жұрттың аузынан, Махамбеттің жырын тыңдап жат енді. Мүмкін, сонда ұғынарсың қатеңді.** | **Аллитерация** | |
| **Мүмкін, сонда ұғынарсың қатеңді. Сенем, ертең оттыға отсыз күлмес деп, Тек тұлпарлар ғана алатын бас бәйгі Есектердің мойнында жүрмес деп.** | | |
| **Иә, шындықтың ащы даңқы, Шындық үшін жалғыз түстім егеске. Ақындықтың басты шарты- Басты алса да, шындықты айту емес пе?** | **Риторикалық сұрақ** | |
| **- Ой, залым-ай, Жүзі қара залым-ай, Мұнша залым екеніңді қалай келгем танымай?** | **қайталау** | |
| **Өлімге сан жақын бардым, Қорғансыз боп көрінсем де жай көзге.** | | |

**Дескриптор Білім алушы**

**1.** *Үзінділердегі көркемдегіш құралдарды анықтайды.*

**Кесте**



**2.** *Көркемдегіш құралдарды ажыратады.*

**3.** *Олардың қолданысын талдайды.*

*** ҚБ «Жұлдызша» әдісі.**

**Кері байланыс «Бағдаршам» әдісі.**

**Жеке жұмыс**

**3-тапсырма «Қос диаграмма» әдісі**

*«Батыр Баян» поэмасындағы батыр Баян мен «Нарынқұм зауалы» балладасындағы әкенің іс-әрекеттерін салыстырыңдар. Не себепті олар өз бауыры мен баласына қатал үкім шығарды?*

| Батыр Баян | Ұқсастықтары | Әке |
|---|---|---|
| | | |

**6 мин.**

**Дескриптор Білім алушы**

**1.** *Екі кейіпкерді салыстырады.*

**2.** *Қос диаграмманы толтырады.*

**3.** *Өзіндік пікір білдіреді.*

**Қорытынды**

Абай Құнанбаевтың мынадай қанатты сөзімен қорытындылағым келеді. – ***«Әкенің ризалығы – Алланың ризалығы. Әкенің реніші – Алланың реніші».***

**Сызба**

<table>
<tr>
<td></td>
<td>– Қазақта «Әке сөзі – оқ» деген сөз бар, сондықтан әкенің ризалығын алатындай перзент болуларың керек.<br>Оқушылар бағалау парақтары арқылы топтағы көршілестерін бағалайды.<br>Бағалау парағы
<table>
<tr><th>Оқушының аты-жөні</th><th>1-тапсырма Сәйкестендіру</th><th>2-тапсырма</th><th>3-тапсырма «Қос диаграмма» әдісі</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
ҚБ. «Бас бармақ» әдісі<br>Рефлексия.<br>Ойды аяқта:<br>Бүгін мен білдім....<br>Қиындық тудырды....<br>Мен үйрендім...<br>Қолымнан келді...<br>Үй тапсырмасы: Рөлдік ойындар арқылы көрініс көрсету.</td>
<td>Бағалау парақшасы</td>
</tr>
</table>





**Г.Ж. АУЛАБАЕВА,**
**Северный жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.**
Павлодар облысы,
Ертіс ауданы

# ҚАСҚЫР МЕН ТИІН

| | |
|---|---|
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | **5.3.3.1** фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау;<br>**5.2.6.1** тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау;<br>**5.2.5.1** берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу. |
| **Сабақ мақсаттары:** | Фольклорлық шығарманы түсінеді, тақырыбын анықтайды.<br>Тірек сөздерді қолданып иллюстрацияларды сипаттайды.<br>Сұраққа жауап беріп, шағын диалогке түседі. |
| **Бағалау критерийлері:** | Шығарманы түсінеді. |

| | |
|---|---|
| **(жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | Мәтін тақырыбын ашады.<br>Сұраққа дұрыс жауап береді.<br>Диалогке қатысады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** оқылым, айтылым. Терминология: |
| **Құндылық-тарды дарыту** | **Сөз тіркестері:** ашуланды, залым, жамандық жасамайды, қорқамын, мейірімді. |
| | Зайырлы қоғам және руханият |
| **Пәнаралық байланыстар** | Әдебиет |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Аудиожазбалар |
| **Алдыңғы оқу/** | Бастапқы білім |
| **Жоспар** | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br><br>**5 мин.**<br><br>**8.00-8.05** | С. «Орман дыбыстарын» тыңдап сыныпта психологиялық ахуал туғызамыз.<br>**«Мозаика»** **әдісі** арқылы оқушылар топқа бөлінеді. Қай жануардың құлағы екенін тап.<br>***1 топ - Сары түсті*** | ***https://www.youtube.com/watch?v=d55JE79b5CY*** |



| | | |
|---|---|---|
| | ***құлақ;***<br>***2 топ - сұр түсті құлақтар.***<br>Тақырыпқа шығу, мақсатын айту. |  |
| **Ортасы**<br><br>**5 мин.**<br>**8.05-8.10** | ***Оқылымалды.***<br>***Жаңа сөздермен жұмыс.***<br>***С. 1- тапсырма «Қабырғадағы рөл» әдісі :***<br>***Барлық оқушыларға:***<br>***– Бұл қандай аң?***<br>***– Ол қайтеді?***<br>Берілген суреттегі аң сұлбасының ішіне сұраққа жауап беріп білген ақпараттарды түсіреді, сыртына жаңа алған мәлімет түсіреді.<br>***1 топ – қасқыр;***<br>***2 топ – тиін.***<br>***Қажетті сөздер: бет 57, 2 тапсырма***<br>***Кейбір оқушыларға:***<br>***Бағалау критерийлері. Сұраққа жауап береді. Жаңа сөздерді қолданады.***<br>***ҚБ. «Бағдаршам» әдісі*** | **оқулық**<br><br>**Кеспе қағаздар** |

| | | |
|---|---|---|
| **5 мин.**<br>**8.10-8.15**<br><br><br><br>**4 мин.**<br><br>**8.15-8.19** | **Оқылым1.** Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Мұғалім оқып шығады.<br>**Сұраққа жауап беріңіз:**<br>*– Мәтін не туралы?*<br>*– Мәтін кейіпкерлерін ата.*<br>*– Олар не істейді?*<br>**«Сүзгі» әдісі:** Мәтінде кездесетін тірек сөздерді іріктеп алыңыз.<br>**«Сүзгіден өткізілетін» қатар:**<br>*Тиін, түлкі, қасқыр, жалынады, қорқады, құлайды, бұтақтан-бұтаққа секіреді, қорқамын, залымсың, күледі, ақыл сұрайды, жіберші, жамандық жасамаймын, арыстан, сиыр, ұйықтайды.*<br>**Бағалау критерийі:** мәтіннен тірек сөздерді іріктейді.<br>**Дескриптор:**<br>• Сөздерден қажеттісін іріктейді.<br>• Сұраққа жауап береді.<br>• Тірек сөздерді сөйлемде дұрыс пайдаланады.<br>**Ж. 8- тапсырма.** | |

| | | |
|---|---|---|
| <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3 мин.**<br><br>**8.19-8.22**<br><br><br><br>**10 мин.**<br>**8.22-8.32**<br><br><br>**3 мин.**<br>**8.32-8.35** | **Барлық оқушыларға:** Кестедегі ақпараттың мәтінге сәйкестігін көрсет. ***(дұрыс-бұрыс.)***<br>**Кейбір оқушыларға:** 7-тапсырма.<br><br>**ҚБ.«Қате түсінікті тексеру»** Оқушылар айтылғандармен келісетіндігін немесе келіспейтіндігін, өздерінің көзқарастарын айтуларын сұраймын.<br><br>**«РАПТ» әдісі** арқылы ертегіні сахналау.<br>**Дескриптор:**<br>*Ертегі мазмұнын біледі;*<br>*Сұрақты дұрыс қояды;*<br>*Сұраққа дұрыс жауап береді.*<br>**ҚБ. Өзара бағалау. Түсіндірме**<br>**Кейбір оқушылар: 9 – тапсырма**. 3 нұсқаның ішінен қажетті сөздерді таңдап алады. Мәтін мазмұнын айтады.<br>**ҚБ «Қол шапалақ» әдісі** арқылы талқылайды.<br>**10 - тапсырма**<br>**ҚБ. «Мадақтау сэндвичі»** | **Кеспе қағаздар** |

| | | |
|---|---|---|
| | *1-позитивті комментарий, не ұнады;*<br>*2-сындарлы сын, не нәрсені жақсарту керек;*<br>*3-келешекке арналған комментарий, маған ұнады, бірақ келесі жолы...* |  |
| **Аяқталуы**<br>**5 мин.**<br>**8.35-.8.40** | **«Шығу парағы» арқылы рефлексия**<br>*1. Маған ......қиын болды.*<br>*2. Мен ...... үйрендім.*<br>*3. Мен .... тапсырмаларды орындадым.*<br>*4. Мен .... түсіндім.*<br>*5. Мені.......... таңғалдырды.* | |
| **Қосымша ақпарат** | | |

| | |
|---|---|
| **Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай** | Сабақта оқушыларға мейлінше қолдау көрсетуді тапсырмалар арқылы жоспарлап отырмын.<br>**1- тапсырма .«Жұпты тап» әдісі**<br>**Кейбір оқушылар.**<br>**2 -тапсырма.** Мәтінде кездесетін тірек сөздерді іріктеп алыңыз. |



| | |
|---|---|
| **міндет қоюды жоспарлайсыз?** | **Кейбір оқушыларға:**<br>Сонымен қатар нәтиже арқылы саралауды жоспарлаймын.<br>**3-тапсырма.** Берілген сұраққа жауап беріңдер: (жалпы мазмұнын, идеясын табу үшін)<br>**Нәтиже арқылы саралау:**<br>**Қолдауды қажет ететін оқушылар:** нақты, ашық сұрақтарға жауап береді.<br>**Барлық оқушылар** ойды өрбітетін сұрақтарға жауап береді.<br>**Кейбір оқушылар** барлық ойлау деңгейіндегі сұрақтарға еркін жауап бере алады, себептерін анықтап, қорытындысын дәлелдей алады.<br>**4-тапсырма.** Бірдей тапсырма ұсынылғанымен, түрлі деңгейдегі жауап күтіледі. Әр оқушы өз деңгейінде жауап беріп, жүргізілген жұмыс өнімі мен нәтижесі әртүрлі болады.<br>Қарым-қатынас формалар бойынша саралаймын. (топтық жұмыста). Ынтымақтастық оқыту – саралаудың тиімді тәсілі болып табылады. Шағын топтарда қабілеті орта оқушы өзінің құрбысынан көмек алуға мүмкіндігі бар, ал қабілетті оқушылар өз ойы мен идеясын жүзеге асыру арқылы топ |

| | |
|---|---|
| | жұмысына үлесін қоса алады. |
| **Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | Сыныптағы бағалау оқушылардың жұптық, топтық жұмыстарына обьективті түрде кері байланыс беру арқылы жүзеге асырылады. Кері байланыс беруде мұғалім оқушылардың бағалау критерийлері мен дескрипторларды негізге алып сөйлеуін қадағалайды. Қалыптастырушы бағалау сыныпты қолдау функциясы арқылы «Бағдаршам»,«Бас бармақ», жұптық жұмыс «Өзара бағалау. Түсіндірме» әдісімен, «Қате түсінікті тексеру» , топтық жұмыс «Мадақтау сэндвичі» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Сабақ соңындағы «Шығу билеті» рефлексиясы келесі сабақты жоспарлауға негіз болады. |
| **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** | Оқушылардың денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау мақсатында сабақтағы тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Сабақ басында жағымды психологиялық ахуал туғызып, сабақ барысында «Ойлан, Жұптас, Бөліс» сияқты интербелсенді әдістерді қолданамын, сабақ ортасында «РАФТ» әдісі мен сахналық қойылым деген белсенді қимылдарды талап ететін ойын түрін жүргізуді жоспарлап отырмын. |



| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Сабақтың мақсаты нақты, қолжетімді, шынайы болды.<br>Сабақта оқушылар мәтіннің тақырыбын анықтап, тірек сөздерді дұрыс қолдана білді. Сыныптағы жағымды психологиялық ахуал сабақ нәтижесіне оң ықпалын тигізді.Сабақтағы жүргізілген саралау түрлері әр оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабақ мақсатына жетуге жетеледі. Жоспарыма бағалау критерийлерін жаңадан қарастырып, нақтылай түстім. Алда сабақтағы тапсырмаларды уақыт шегіне сәйкестендіру қажет. |
| **Қорытынды бағамдау** | |
| Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>**1. «РАПТ» әдісі.**<br>**2. «Ойлан, Жұптас, Бөліс».**<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>**1. Дескрипторды нақтылау.**<br>**2. Уақытты тиімді пайдалануы.**<br>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>**1.** Оқу мақсатына жету үшін сабақтағы білімдерді оқушының қаншалықты түсінгендігін қалыптастырушы бағалау арқылы нақтылау керек, сол себептен критериалды бағалауды пысықтау қажет. | |

**Қ.Ә. ШӘРІП,**
**№ 175 «Жаңа Ғасыр» гимназиясы,**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Алматы қаласы

# ЖАЛҒАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАР

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** | • Жалғаулық шылау туралы білім негізін қалыптастыру, олардың бір-бірінен айырмашылықтарын, жасалу жолдарын, ерекшелігін анықтау.<br>• Шылауларды тәжірибеде қолдана білу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Жалғаулық шылаулардың ережесі мен мысалдар келтіре алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Жалғаулық шылаулардың лексикалық мағынасы жоқ екенін біледі. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Жалғаулық шылаулардың сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салыстыра байланыстыратын шылау екенін біледі. |
| **Бағалау критерийі** | • Шылаудың мағыналық түрлерін ажырата білу.<br>• Сөйлемде орынды қолдану. |



| | |
|---|---|
| | • Жалғаулық шылау туралы түсінігін көрсетеді.<br>• Жалғаулық шылаудың басқа шылаулардан айырмашылығын анықтайды.<br>• Жалғаулық шылаудың жасалу жолдарын, ерекшелігін көрсетеді.<br>• Жалғаулық шылауды сөйлемде дұрыс қолданады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Түсіну, Талдау, Қолдану. |
| **Алдыңғы оқу** | Шылау сөздер туралы түсінік, септеулік шылаулар. |

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы 7 мин.** | **I.Психологиялық ахуал қалыптастыру «Көңіл-күйді анықтау» әдісі.**<br>**Мақсат:** Оқушылардың көңіл-күйін сабақтың соңына дейін көтеріңкі деңгейде ұстау.<br>Смайлик салады.<br>**Үй тапсырмасын тексеру.** |  |

| | | |
|---|---|---|
| | **«Сұрақтарды ұстап ал» тәсілі.**<br>Оқушыларға үлестірме парақтарын тарату арқылы жауап аламын.<br>**№1**<br>**1.***Шылау дегеніміз не? Мысал келтір.*<br>***2.*** *Мақалдағы көп нүктенің орнына тиісті шылау сөзді қой.*<br>*Ер жігіт ел ... туады,*<br>*Ел ... өледі.*<br><br>**№2**<br>***1.****Шылаудың неше түрі бар? Атап шық.*<br>***2.*** *Мақалдағы көп нүктенің орнына тиісті шылау сөзді қой.*<br>*Білу...көру керек,*<br>*Көру...жүру керек.*<br><br>**№3**<br>***1.****Шылаудың дербес мағынасы бола ма?*<br>***2.****Өлең жолдарындағы көп нүктенің орнына тиісті шылау сөзді қой.* | <br><br>**Жарайсыңдар!** |



| | | |
|---|---|---|
| | *Білгің келсе, сұра менің өзімнен,*<br>*Мен ...сұрамашы біреуден.*<br><br>**№4**<br>***1.****Шылаулар сөйлем ішінде сөйлем мүшесі бола ала ма?*<br>***2.****Мақалдағы көп нүктенің орнына тиісті шылау сөзді қой.*<br>*Еріншек түске ... ұйықтайды,*<br>*Кешке ... есінейді.*<br><br>**№5**<br>***1.****Шылау түрлене ме?*<br>***2.****Мақалдағы көп нүктенің орнына тиісті шылау сөзді қой.*<br>*Борсық ұрған ... семіреді.*<br><br>**№6**<br>***1.*** *Шылаулар басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасала ма?* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***2.*** *Мақалдағы көп нүктенің орнына тиісті шылау сөзді қой.*<br>*Жаманның ақылы*<br>*Түстен ... кіреді.*<br><br>**№7**<br>*1.Сөз табы ретінде қолданылуы бір кезде толық лексикалық мағынасы болған шылау сөздерді ата.*<br>***2.****Мақалдағы көп нүктенің орнына тиісті шылау сөзді қой.*<br>*Отан ... отқа түс күймейсің.*<br><br>**№8**<br>***1 .*** *Шылаулар түрленбейді дегенді қалай түсінесің?*<br>***2.*** *Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына жету...****(ары қарай жалғастыр).***<br><br>**№9**<br>***1.****Қазақ тілінде неше сөз табы бар? Атап шық.* | |



| | | |
|---|---|---|
| | ***2.****Мақалдағы көп нүктенің орнына тиісті шылау сөзді қой.*<br>*Ердің күйін сұрама,*<br>*Жұрттан сауын сауған ... .*<br>*Малдың жайын сұрама,*<br>*Қонысынан ауған ... .*<br><br>**№10**<br>***1.****Шылау қай сөз табына ұқсас келеді? Ұқсастықтарын түсіндір.*<br>***2.****Септеулік шылауларға жататын шылау сөздерді ата.* | |

| **Бағалау критерийі** | **Дескрипторлар** | **Балл** |
|---|---|---|
| **- Ережені біледі.** | **- Ережені түсінеді және айта алады.** | **1б** |
| **- Шылау сөзді қолдана алады.** | **- Шылауларды орынды қолдана алады.** | **1б** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>**25 мин.** | **Сабақтың тақырыбын анықтау. Сабақтың мақсатымен таныстыру.**<br><br>**II. Ой шақыру**<br>- *Балалар, мына сөйлемдерді жалғаусыз айтып көрейікші.*<br>• *Қыста...* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *көктемде күн суық болады.* ***(және)***<br>• *Оның ойлағаны болды, ...мәселенің басы шешіле қоймады.* ***(бірақ.)***<br>• *Көктемде біресе жаңбыр жауады, ... күн ысып кетеді.* ***(біресе.)***<br>*- Сөйлемнен қандай ерекшелік байқап отырсыздар?*<br>*- Сөйлем дұрыс құралу үшін не қажет болып отыр?*<br>*- Қалай етсек сөйлем құрылымы дұрыс болады? т.с.с*<br>*- Мүмкін емес екенін білеміз. Сол себепті бүгін өтетін сабағымыз қалай деп аталады?*<br>*- Ал енді, сабағымыздың мақсатымен танысайық.*<br>**Сабақтың мақсатымен таныстыру.** | |



<table>
<tr>
<td></td>
<td>1-тапсырма<br>«Мозайка» әдісі бойынша жаңа тақырыпты ашу.<br>Топтық жұмыс. Әр топ берілген тапсырма бойынша постерлерін қорғайды.<br>1-қатар – Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар, қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар.<br>2-қатар – Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар, кезектестік қатынасты білдіретін жалғаулықтар.<br>3-қатар – Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар, шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескрип-торлар</th><th>Балл</th></tr>
<tr><td>-Жалғаулықшылаудың түрлері туралы түсінігін көрсетеді.</td><td>-<br>Постер арқылы тақырыпты түсіндіреді<br>-<br>Мағыналық қатынастарды ажырата алады.</td><td>2б</td></tr>
</table>
</td>
<td>Постер</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Әр топ мүшесі өзін-өзі бағалайды және қатарлар бірін-бірі бағалайды.** **Кері байланыс:** Жарайсыңдар, балалар! Топта қалай жұмыс істеу керек екенін көрсете алдыңдар. **2-тапсырма** **«Үш тұғырлы тіл» кезеңі.** Берілген шылауларды үш тілде сөйлетеміз. Жеке жұмыс. | |

| Қазақ тілінде | Орыс тілінде | Ағылшын тілінде |
|---|---|---|
| Және | И | And |
| Немесе | Или | Or |
| Себебі | Потому что | Because |
| Егер | если | If |
| Кейде | иногда | Sometimes |
| бірақ | но | But |

| Бағалау критерийі | Дескрипторлар | Балл |
|---|---|---|
| - Тілді меңгеру деңгейін көрсетеді. | - Шылауды екі тілге толық аударады.<br>- Шылауды екі тілге аударуда жартысын орындайды.<br>- Шылауды екі тілге жартыдан аз аударады. | 2Б<br>1Б<br>0Б |



| | | |
|---|---|---|
| | Мұғалім оқушыны балл беру арқылы бағалайды. **Кері байланыс:** Жарайсың! **3-тапсырма** **Практикалық дағды қалыптастыру кезеңі.** **Оқушылар тапсырманы жеке орындайды.** Оқулықпен жұмыс (242-жаттығу). Жалғаулықтарды тауып, олар қандай сөздерді және сөйлемдерді байланыстырып тұрғанын көрсетіңдер. | **Қазақ тілі 6-сынып «Атамұра» баспасы, 216-бет 242-жаттығу** |

| Бағалау критерийі | Дескрипторлар | Балл |
|---|---|---|
| - Жалғаулықтарды таба алады.<br>- Қолдану ерекшелігіне түсінік береді. | - Жалғаулықтарды дұрыс табады.<br>- Жалғаулықтар қандай сөздерді және сөйлемдерді байланыстырып тұрғанын көрсетеді. | 1б<br>1б |

**«Бағдаршам» әдісі** арқылы оқушылар бірін-бірі бағалайды.
**Кері байланыс: Тамаша! Толықтыр! Ізден!**
**4-тапсырма**
**Жеке жұмыс.**
**«Шылау ма, жалғау ма?» ойыны**
**Мақсаты:** Сөйлемдердегі тұлғасы бірдей сөзді тауып, шылау мен жалғауды ажырату.

- *Соғыста мылтық қандай керек болса, өмірде білім сондай керек.*

| | | |
|---|---|---|
| | • *Соғыс та, өмір де адамды сынға түсіреді.*<br>• *Менде қызық кітап бар.*<br>• *Мен де кітап оқимын.*<br>• *Құс екеш құс та балапанын қияға ұшырып үйретеді.*<br>• *Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ.*<br>• *Тау (да) тозар, жоғалар.*<br>• *Тау (да) бүркіттің ұясы бар.* | |

| Бағалау критерийі | Дескрипторлар | Балл |
|---|---|---|
| **-Шылау мен жалғаудың айырмашылығын біледі -Сөйлемдердегі тұлғасы бірдей сөздерді табады.** | **- Шылау мен жалғауды ажыратады.** | **1б**<br>**1б** |

«**Басбармақ» әдісі** арқылы бағалау.
**Кері байланыс:** Тамаша! Толықтыр! Ізден!
**5-тапсырма**
Семантикалық карта
Жұптық жұмыс

| Бағалау критерийі | Дескрипторлар | Балл |
|---|---|---|
| **- Шылау түрлерін ажыратады.** | **- Септеулік шылау мен жалғаулық шылауды ажыратады.** | **2б** |

Бірін-бірі бағалау.
**Кері байланыс:** Жарайсыңдар!



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы 8 мин.** | **Мақсатты қайталау.** Өткен тақырыпқа қорытынды жасау.<br>– Балалар, бүгінгі сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін не үйрендік? Сабақ қалай өтті? Соны еске түсірейік.<br>**Слайд (сабақ мақсаттары)**<br>**Үйге тапсырма**<br>**«Қорқыт – абыз әулие» («Қорқыт ата» кітабынан).**<br>**1 қатар** – Мәтінді оқып, қосымша деректер келтіру.<br><br>**2 қатар** – Мәтіндегі жалғаулық шылауларды табу, олардың сөйлемдегі ойды білдіруде атқарып тұрған қызметін түсіндіру.<br><br>**3 қатар** – «Қорқыт – абыз әулие» тақырыбында ой қорытындысын жазу.<br>**Талаптар:** көлемі 20-30 сөз, мәтіннің мазмұнына сәйкес келсін, міндетті түрде жалғаулық шылаулар қолданылсын.<br>**«Шығу парағы» арқылы бағалау.**<br>**«Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз» әдісі бойынша кері байланыс.**<br>Мұғалім оқушыларға сабақ бойынша кері байланысын береді. | 6-сынып «Атамұра» баспасы, 216-бет 243-жаттығу<br><br>Шығу парағы |

**Л.С. БУЛТЕКОВА,**
**С.Жиенбаев атындағы**
**облыстық жасөспірімдер**
**кітапханасының**
**бөлім меңгерушісі.**
Ақтөбе қаласы

# НАЗАРБАЕВ ОҚУЛАРЫ

*... Секілді заңғардағы тау барысы,*
*Нұрсұлтан – ел тірегі, ел намысы!*
*Адамның бұл өмірде арманы жоқ,*
*Халқының бола білсе қорғанышы!..*
***Несіпбек Айтұлы.***

«1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесіне орай С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Менің Тұңғыш Президентім» атты Назарбаев оқулары болып өтті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақстан қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды.

Мұндай мемлекеттік мерекенің болғанына Қазақстан жұртшылығы риза бола отырып, мерекелік іс-шаралар ұйымдастыруда.

**Назарбаев оқуларының мақсаты** – жастарға Елбасының елі үшін жасаған игі істерін үлгі-өнеге ету, өз Отанын, халқын сүйетін азамат болып өсуге, елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Жас ұрпаққа Елбасының сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту және олардың бойына ұлттық рухты, патриоттық сезімді ұялату. Елімізді өркендетуге білімді,білікті жастар керек екендігін ұғындыру.



1991 жылы 1 желтоқсанда алғаш рет Қазақ ССР Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтіп, ол сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел Президенті болып сайланғаны баршамызға мәлім.

Қазақстан үшін 1 желтоқсан – мемлекеттің тарихының мерейлі күні. Жоғары Парламенттің бекітуімен 2012 жылы 1 желтоқсан Қазақстанда алғаш рет – Тұңғыш Президент күні мемлекеттік мереке ретінде аталып өтіп, бұл баршамыз үшін қуанышты оқиға болды.

Тұңғыш президент – қай мемлекет үшін де даусыз тарихи тұлға. Қазақстан Республикасының дамуы, ұлттық қауіпсіздігі және де мемлекеттік басқару жүйесі бар ұлттық мемлекетіміздің қалыптасуы мен еліміздің күллі әлемге танылып үлгеруі Назарбаев есімімен тығыз байланысты.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірі, елімізге қосқан үлесі мен саясаты туралы жастарға ой-пікірлерін айту үшін арнайы қонақтар шақырылды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, зейнеткер Балнияз Ақниязұлы Ажниязов, Парасат-ғылым қоғамдық бірлестігі «Азаматтық бақылау бірлестігі», «Азаматтық бақылау» жобасының үйлестірушісі қатысты. Мерекелік шара салтанатты түрде Қазақстан Республикасының әнұранымен ашылды. Назарбаев оқулары екі бөлім бойынша өткізілді. Шараның бірінші бөлімінде қонақтардың құттықтау сөздері мен Елбасы туралы ой-пікірлері тыңдалды. Балнияз ағай «Ұлылықпен жүздесу - Встреча с триумфатором» деп аталатын өзінің шығарған кітабын таныстырып, сөзі ішінде *«Елбасы Тәуелсіз Қазақстанның жастарына айрықша үміт артады. Елдің ертеңі жастар деп қарайды. Жастарымыз талантты,*

*жігерлі, өзіне сенімді болу керек ,* – деді.

Көшкінбай ағай Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен біздің алар асуларымыз әлі алда. Елбасымыздың бергені көп, берері одан да көп. Елбасының жарқылдаған келбетін, биік болмысын, кемел дарынын, ел басшысы ретінде көсемдік қасиеттерін бүгінгі ұрпақ сіздер жақсы білулеріңіз керек. Елбасының бастауымен Отанымыз әлемге танылды. Елім елдігін көрсетті, ерлігін танытты. Ар-намысты ту еткен ағаларымыздың аянбай еңбек етуі осы нұрлы күндерге, Тәуелсіздікке қол жеткізді,-деді. Жастар көкейлерінде жүрген бірнеше сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптарын алды.

Екінші бөлім Назарбаев оқулары. Оған Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжінің студенттері : Абду Нұрбақыт, Ертай Қазыбек ,Изтай Манзура және Ақтөбе мұнай және газ колледжінің студенттері: Рысқалиева Жарқынай, Өтебаев Мұрат, Сұлтанова Ұлмекен, Қартмағанбетова Рая, Ақтөбе экономика, статистика және информатика колледжінің студенттері Подлегаева Ясмин , Байтаков Акежан, сонымен қатар Батыс Қазақстан гуманитарлық Заң колледжінің студенті Базарғали Айнель, кітапхананың жас маманы Зейнекен Аяулым, мектеп оқушылары Мұрат Адина, Айтжанова Назерке, Кунаков Алишер қатысты. Жастар Елбасының тарихи құнды еңбектерін, жолдауларын, мақалаларын, қанатты сөздерін оқып, мәнерлеп нақышына келтіріп жатқа айтты. №24 лингвистикалық мектеп-гимназиясының оқушылары Кунаков Әлішер мен Айтжанова Назерке Нұрсұлтан Әбішұлының балалық шағынан шағын көрініс көрсетті. Мұрат Адина бала Жамбылдың



«Нұр ата» өлеңін жатқа оқыды. Сонымен қатар Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның әншісі, домбырашы Орынбекова Жұлдыз Ғарифолла Құрманғалиевтің «Салем» әнін орындады.

Елбасының балалық шағы, отбасы, қызмет жолы, лауазымдары мен мансаптары, жазған еңбектері, дәйек сөздері, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атына ашылған оқу орындары жөнінде мәліметтер айтылып, Елбасымыз туралы білімдерін кеңейтті. Елбасымыздың сөйлеген сөзінен үзінділер тыңдалып, әрбір сөзінің мазмұны талқыланып, пікірталас ұйымдастырылды.

Мерекелік шарада тақырыпқа сай бірнеше слайдтар көрсетілді. «Кемеңгер елдің көреген басшысы» тақырыбында кітап көрмесі оған косымша рухани жаңғыру бағыты аясында елбасы мақалалары мен жолдаулары жинақталып қойылды.

Шара соңында кітапхана директоры Гүлжайнар Наренқызы Калдина жастарға Елбасы еңбектерінің қандай тақырыптарын оқысаңдар да, мысалы кеше қабылданған мақаласы «Ұлы даланың жеті қыры» ел экономикасын, ел тарихын, ұлт рухын, халықтың салт-санасын дүр сілкіндіріп оятқан ойлар, мол өмірлік тәжірибе ғибратты тағылым жатқанын көре аласыздар. Сондықтан да сіздер Елбасының тегеурінді ойларын, қанатты қағидаларын және өмір жолдарын біліп жүрулеріңіз қажет, – дей келе, Назарбаев оқуларына қатысып, белсенділік танытқан жастарды Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Маржан Нағашыбекқызы Қорғанбаеваның атынан Алғыс хатпен марапаттады.

**А. ЕРМЕКБАЕВА,**
**С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі.**
Ақтөбе қаласы

# МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ КІТАПХАНАДА

Жаңа 2019 жылда келіп қалды. Әр жылымыз өзінің ерекше жаңалықтарымен есте қалып жатады. Ал өтіп бара жатқан 2018 жыл біздің мекеме үшін керемет жыл болды.

Биылғы жылдың қорытындысы бойынша «Анаға тағзым» орталығында облыс әкімі Б.Сапарбаев мәдениет және өнер қызметкерлерімен кездесіп, шығармашылық өкілдерін келе жатырған Жаңа жылдарымен құттықтады. Гүлжайнар Нәренқызы Калдина басқарып отырған С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы облыс әкімінің алғыс хатына ие болса, кітапханада ұзақ жылдардан бері тынымсыз еңбек етіп келе жатырған кітапхана директорының орынбасары Үржан Құрманқызы Құдасова Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының басшысы Ж.Сейдумановтың атынан «Кітапхана ардагері» төс белгісімен марапатталды. Облыс әкімінің әр мейрам сайын мәдениет қызметкерлерімен кездесуі, еңбектің еленіп жатқаны, бірнеше төс белгілер, марапаттар өз иесін тауып жатқаны көңілге қуаныш ұялатады.



Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын және облыстық «Бақытты бала» жобасын жүзеге асыру мақсатында жаңа жобалар енгізіп, ауқымды істер атқарып, кітапхананың мәртебесі мен беделі биіктей түсуде. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары дәріптеліп және республикамызға танымал тұлғалар кітапханамызда жыл сайын өлкеміздің жастарына кеңінен насихатталып келеді. Солардың ішінде Ә.Қалыбекова, Е.Бейілхан, М.Айтқожина, Қ.Мұқамбетқалиұлы, Б.Әлімжанов С.Әуезхан тағыда басқа ақын-жазушылар мен өткен кездесулер оқырмандарға үлкен әсер қалдырды. Жас ақындардың тұсау кесерлері, республикалық, аймақтық, облыстық шығармашылық мүшәйралар, байқаулар, конференциялар өткізілді. Әрине осындай ауқымды жұмыстар елеусіз қалып жатпады. Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы М.Н.Қорғанбаеваның сондай ақ көптеген бірлесе жұмыс атқарып жатырған білім ордалары мен басқада мекемелер атынан марапатталып жатты.

Кітапханаға жас түлек мамандардың келуіде жаңа леп әкелгендей болды. Жастар – өткен заманның айнасы, келешектің нысанасы дейді. Кез келген қоғамның қозғаушы күші – жастар екенін де білеміз. Олар өз ойларын ортаға салып жаңа креативті идеялар жүзеге асыруда. Ал кітапханадағы осы реттегі жұмыстар әрі қарай жалғасын таба бермек.

**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті”** –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.
Басуға 05.02. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84х108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0.
Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**
**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер...............268-32-48.
Факс......................243-15-53.
**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.
**Журнал сайты:** www.kazhu.kz
**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2019 ж., 144 бет, Алматы.